

ТӨРЛЕТ, 2014 ЖЫЛ!

Сыр бойы

28

желтоқсан
сенбі

2013 жыл

№193-194 (18692-18693)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың
1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz



КӘСІПКЕРІ КӨП АЙМАҚ – ӨРКЕН ЖАЙМАҚ

Өңірдегі орта және шағын бизнес саласын дамытуда биыл бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Кәсіпкерлер форумының өткізілуі, оларға қызмет көрсету орталығының ашылуы, облыстық кәсіпкерлік басқармасының құрылуы және облыс әкімі жанында жұмыс жасайтын кеңестің өзі сөзімізге дәлел бола алады. Осының нәтижесінде орта және шағын бизнестің «Жол картасы» қабылданды. Облыстағы осындай игі істерден хабардар еткен облыс әкімі Қырымбек Көшербаев кәсіпкерлермен кездесуінде алдағы уақытта да бұл салаға деген қолдаудың арта түсетінін тілге тиек етті.

Кездесу барысында өңір басшысы облыс кәсіпкерлерін келе жатқан Жаңа жылдарымен құттықтады. Келер жылы салада атқарылуға тиіс істерге де тоқталды.

— Жуырда облыстық мәслихат отырысында біз облыстың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын қабылдадық. Бұл құжат сіздер үшін де маңызды. Болашақта кәсіпкерліктің қай саласын дамытуға күш салатынымыз туралы бағдарламада кенінен айтылған. Жұмыс жоспарларыңызда келешекте осыны ескерулеріңіз керек. Өйткені өңір әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша республикада соңғы орында екені рас.

2-бет



ЖАҢА ЖЫЛ ЖЫРЫ

Аппак қарды жамылды,
Арқа менен Сыр тағы.
Қоян ізден жанылды,
Тоғай бешпент бұрқады.

Ақ сәулесін төгеді,
Есік қакқан жыл жаңа.
Дария мұз өбеді,
Су жүгірмес жылғада.

Көркем шырша бой түзер,
Мекемеде,
Аланда.
Теледидар.
Ел білер —
Не жаналық ғаламда.

Телекөпір аланда,
Роза әнді шырқады.
Жыл нұр төкті адамға,
Бала айналды шыршаны.

Әр үй жайды дастархан,
Шақырып дос, сыйласын.
Пейілімен кең, дархан,
Тындайды елі Елбасын.

Сағат тілі озды алға,
Жыл парағы аунайды.
Елім ғажап, сөз бар ма?
Ертегіден аумайды.

Шұғыла шашып жыл жаңа,
Жалғасады кеніш күн.
Баяғыша нұрлана,
Басады адам жер үстін.

Мұхамеджан НҰРХАНОВ.
Қызылорда қаласы.

● ЖЫЛ ЖЕМІСІ

ІРІ ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ



Осы жылдың 23 желтоқсанында «ҚазАгроҚаржы» АҚ несиелеу комитеті «Жалағаш элеваторын жаңғырту және Қызылорда облысында күріш кластерін дамыту» инвестициялық жобасын мақұлдады.

Жалпы құны 2,3 млрд. теңге болатын жоба облыстың күріш өндірушілеріне өнімді фьючерсті-форвардтық келісімдер арқылы тиімді бағада сатуға және көктемгі егіс пен күзгі науқандарда қаржы жетіспеушілігін шешуге ықпал етеді. Сондай-ақ, серіктестіктерді минералды тыңайтқыштармен, жанар-жағармаймен және ауыл шаруашылығы техникаларына қажетті қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету мүмкіндігі молайды. Бұл өз кезегінде шаруашылықтардың науқанды табысты аяқтап, пайдаға

шығуына кепілдік береді.

Жоба аясында күрішті терең өңдеу жөніндегі инновациялық жобаларды енгізе отырып жаңа өндірістерді, күріш шикізаты мен өңдеуден шыққан қалдықтарды пайдаланатын ілеспе кәсіпорындар ашу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, өңірдің күріш егетін шаруашылықтарына тыңайтқыштар, жанар-жағармай, ауыл шаруашылығы техникаларына қосалқы бөлшектер және басқа да материалдық құндылықтарды жеткізіп берумен айналысатын сервис-орталықтар құру межеленуде. Күріш қалдықтарынан құрама жем шығару, отын брикеттерін, құрылыс материалдарын, күріш майын және аморфты кремний диоксидін шығару өндірістерін іске асыру қарастырылған.

Жобаны жүзеге асыру халқының 60 пайыздан астамы ауылдық елді мекендерде тұратын аграрлы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы үлкен белес болары сөзсіз.

МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аймақтағы бірқатар мұнай компанияларының басшыларын қабылдап, оларды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтады.

Облыстың экономикалық-әлеуметтік дамуында мұнай-газ және тау-кен өнекәсібінің үлесі зор екені белгілі. Оған қоса, мұнай компаниялары өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешуде әлеуметтік жауапкершілікті мойындарына алып, белсенділік танытып келеді. Осы орайда облыс әкімі мұнайшылардың аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы айрықша рөлі мен тұрғындар алдындағы ерекше еңбектерін ескере отырып, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында барша Сыр жұртшылығы атынан ризашылығын білдіріп, алғыспен марапаттады. Олар, «Қор» мұнай компаниясы» АҚ бас директоры Марат Нұрпейісов, «ПетроКазакстан ҚұмкөлРесорсиз» АҚ президенті Вэй Юйсян, «ҚазГерМұнай» БК

ЖШС бас директоры Медет Кәрім, «Торғай Петролеум» АҚ бас директоры Есен Қайыржан, «Айдан Мұнай» АҚ президенті Лю Цзинь Чен, «Куатамлонмұнай» БК ЖШС бас директоры Цзян Мин, «Казпетролл Групп» ЖШС бас директоры Бақыт Тоғызбаев, «Құмкөл Транс Сервис» ЖШС бас директоры Бактияр Абдраманов, «Саутс Ойл» ЖШС президенті Серікжан Сейітжанов және «Игілік» корпоративтік қоры директорының орынбасары Рауан Бекмағамбетова еді.

Мұнайшыларға алғыс айта келе, аймақ басшысы мұнай-газ өнеркәсібі біздің өңірдің ғана экономикалық локомотиві ғана емес сонымен бірге, барлық елде солай екенін жеткізді. «Мұнай секторының маңызы әзірге айрықша болып

тұр. Атап айтқанда, оның өнеркәсіп саласындағы үлесі қазіргі таңда тоқсан пайыздан асып отыр», — деді Қырымбек Елеуұлы.

Облыс әкімі сондай-ақ, өңірде тау-кен өндірісін дамыту бағытында да ауқымды жұмыстардың жасалып жатқанын тілге тиек етті. Бұл орайда аймақта кен өндірісін қалыптастыруға жоспары бар. Сондай-ақ, облыстың транзиттік мүмкіндіктері жайында да айтып өтті. 2014 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автомагистралінің жол жиегі инфраструктурасын қалыптастыруға мүмкіндік берсе, «Жезқазған-Сексеуіл» теміржол желісі барлық географиялық бағытқа тауар экспорттауға жағдай жасауда. Сонымен бірге, аймақ басшысы ауыл шаруашылығы, туризм саласында да атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жоспарлармен таныстырды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Облыстық баспасөз клубында жаңа және ескі үлгідегі куәліктерге қатысты халық арасында туындап отырған түсініспеушіліктер жайында жиын өтті. Оған облыстық ХҚКО филиалы директоры А.Әбибуллаева мен көші-қон полициясының бастығы С.Қамитбеков БАҚ және банк өкілдері қатысты.

КУӘЛІК АУЫСТЫРУ МІНДЕТТІ ЕМЕС

ҚР азаматының жеке куәлігі — азаматтың жеке басын куәландыратын және растайтын құжат. Дегенмен, жаңа және ескі үлгідегі жеке куәліктерге қатысты халық арасында түсініспеушіліктер орын алуда. Яғни, облыс тұрғындарының айтуынша, жыл аяғына дейін ескі төлқұжатты жаңа чиптік үлгідегі куәлікке ауыстырмаса айыппұл салынады деген қауесет тараған. Ескіні жаңаға ауыстыруды халыққа екінші деңгейлі банктер, Қазпошта, салық органдары қызметкерлері айтқан-мыс. Бірақ, банкирлер де, қазпошталықтар да мұндай қауесетті жокқа шығарды. Дегенмен, ХҚКО орталығындағы куәлік кезегінде тұрғандар саны тәулігіне 8 мың адамға дейін артқан. Бұл дегеніміз қалыпты жұмыс режимінің бұзылуына апаратыны белгілі. Жұртшылықты дәур-сарсанға салған бұл қауесетке ХҚКО және көші-қон полициясы нақты түсіндірме берді. Яғни, ешқандай айыппұл да салынбайды ескіні жанартудың да қажеті жоқ. Тұтынушы өз қалауы бойынша ғана ауыстыруға құқылы. Тек куәліктің мерзімі өткен немесе жоғалтқан жағдайда ғана міндетті түрде ауыстыруға болады.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

КӘСІПКЕРІ КӨП АЙМАҚ – ӨРКЕН ЖАЙМАҚ

Біз ең кемінде алдыңғы бес аймақтың қатарына кіру үшін жыл сайын ішкі жалпы өнімді 8 пайызға өсіріп отыруымыз керек. Республика бойынша бұл 6 пайызды құрайды. Сонымен қатар өздеріңіздің әріптестеріңіз Абзал Ералиев «Еңбек ері» атағын алды. Бұл да кәсіпкерлікті қолдаудағы көріністі көрсетеді. Биылғы шағын және орта бизнес субъектілері 6,4 пайызға, жұмыс орындары 4,7 пайызға өсті дегенге мен облыс әкімі ретінде бұған көңілім толмайды.

Себебі бізде ішкі жалпы өнімде орта және кіші бизнестің үлесі 25 пайыздан аспайды. Мысалы, өндірісі дамыған Қарағандыда 45 пайыз. Бізде ең кемінде экономикамыздағы жапы өнімнің жартысы орта және шағын бизнестің еншісінде болуы керек. Орын алып жатқан кемшіліктер де барын мойындауымыз керек. Оны сіз бен біз бірлесе отырып түзетпесек, сырттан келіп ешкім жасап бермейді. Елбасы барлық жағдайды жасап отыр. Кәсіпкерліктің дамуына келтіретін кедергілер мен салықтағы жасалып жатқан жеңілдіктер сонын айғағы. Орта және шағын бизнестің даму тенденциясы бойынша төмен болғанымен, оның даму үдерісі бойынша елімізде алдыңғы бес облыстың қатарында болсақ, инвестиция тарту, құрылыс салу, салықтық базаны дамыту бойынша республикада алдыңғы орындамыз. Бұл үлкен жетістік. Әсіресе, инфрақұрылым жақсы дамуда. Оны дамытпайынша кәсіпкерліктің алға өрлеуі мүмкін емес, — деді облыс әкімі. Сонымен бірге Қырымбек Елеуұлы «Қорқыт ата» әуежайын халықаралық статусқа жеткізу бойынша, елді мекендерді алдағы жылы көгілдір отынмен қамтамасыз етудегі атқарылып жатқан жұмыстардан да хабардар етті. Бұл істердің барлығы өңірдің кәсіпкерлік саласының дамуына жасалып жатқан шаралар екенін де алға тартты. Ал кәсіпті енді бастаушылар үшін биыл Үкіметтен 3 млрд. алдағы жылы 4 млрд. теңге қаралып, қаражаты алынғанын да айтты.

Жылды осындай жетістіктермен қорытындылаған кәсіпкерлердің бірқатарын өңір басшысы Құрмет грамотасы және Алғыс хаттармен марапаттады. Кездесуге арнайы келген ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің туризм комитетінің төрағасы Марат Иғалиев саланың үздіктерін марапаттап, олардың кәсіптеріне береке тіледі.

Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

ҚАБЫЛДАУ

АРДАГЕРЛЕР АСЫЛ ҚАЗЫНАМ



Жаңа жыл қарсаңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев кезінде ерен еңбегімен елге танылған, аймақтың өркендеуіне үлес қосқан ардагерлерді қабылдады. Аймақ басшысы мерекелік қабылдауға келген әр сала ардагерлерін ел өміріне аршындап еніп келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, отбастарына мол бақыт, құт-береке, шынайы шаттық тіледі.

— Тарих қойнауына сіңіп бара жатқан Жылан жылы Сыр өңірі үшін табыссыз болған жоқ, — деді аймақ басшысы. — Ұзындығы мың жарым шақырымға жуықтайтын «Бейнеу-Бозой-Шым-

кент» магистральды газ құбырының аяқталған алғашқы кезеңі өңірдің бірқатар елді мекендерін газбен қамтуға мүмкіндік берді. Бүгінде құрылысы қарқынды жүріп жатқан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автомагистралінің 800 шақырымнан астамы Сыр өңірін басып өткендіктен оның құрылысында бірнеше мыңдаған сырбойылықтар еңбек етуде. Болашақта өңірдегі үш жүзге тарта елді мекеннің 43-і гүлзар баққа оранады, өзгелердің соларды үлгі тұтары анық.

Аймақ басшысы Елбасының әлеуметтік қолдауы арқасында

соңғы жылдары өңірде жүздеген мектеп пен балабақшалар, медициналық нысандардың ел игілігіне айналғанын, ауыл шаруашылығы мен құрылыс, мәдениет пен өнер, білім мен ғылым және спорт саласында ілгерілеушілік барлығын тілге тиек етті. Осынау жетістіктердің барлығында да әрбір Сыр ардагерінің қолтанбасы, үлесі бар екендігі анық. Елдің қол жеткізген табысы, ел азаматтарының бағындырған еңбек шыңы — үлкендердің салып кеткен сара жолының нәтижесі. Сондықтан да бүгінгі ұрпақ ардагерлерге қарыздар, оларға қандай құрмет көрсетсе де, жарасымды болары хақ.

Мерекелік қабылдауда сөз алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шауханов, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, ардагерлер Оразбай Әбішев, Ыдырыс Қалиев, Садуақас Ансатов, Досхана Қырымов көпшілікті Жаңа жыл мейрамымен құттықтап, ел өміріндегі жағымды жаңалықтарға, атқарылған істерге, ағымдағы міндеттерге тоқталды. ҰОС ардагері Бөрібай Құлманов жиналғандарға бата берді.

Мерекелік қабылдауға келген ардагерлерге ескерткіш сыйлықтар табыс етілді.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

Астана қаласындағы Қазақстан футбол федерациясының конференц-залында аймақтық федерациялардың қорытынды жұмыстары жайында жиын болып өтті. Оған республикалық федерацияның вице-президенті Виктор Катков қатысты.

Облыстық федерация жұмысы оң бағаланды

Жиынның күн тәртібінде аймақтық федерациялардың есептік және статистикалық көрсеткіштері пікір алмасу түрінде жұртшылық назарына ұсынылды. В.Катков бұл бағытта өзінің ой-пікірлерін білдірді. Қол жеткен жетістіктер мен проблемалар жайында әңгіме қозғады. Жиын барысындағы негізгі мәселенің бірі ретінде аймақтарда футболды дамыту бағдарламасын атап айтуға болады.

Мамандар аталмыш бағдарламаның мақсаты мен міндетіне тоқталып өтті. Өкінішке орай, еліміздің кейбір өңірлерінде ол әлі күнге дейін бекітіле қойған жоқ. Қазақстан футбол федерациясы 2014 жылдың 1 наурызына дейін оны дайындап және бекіту жөнінде қатаң талап қойып отыр. Бұл бағдарлама келешекте Қазақстанда футболды дамытуға бағытталған негізгі құжаттың біріне айналады деп күтілуде. Сондықтан аталмыш сауалға байланысты жиынға қатысушы мамандар жан-жақты пікір алмасты. ҚФФ вице-президенті өзінің ұсыныстарын да білдірді.

Өзінің хабарламасында В.Катков бірқатар федерациялар бойынша оң бағытта жұмыстың көкжиегі кеңейіп келе жатқанын тілге тиек етті. Әсіресе, бүгінгі таңда Қызылорда облысы футбол федерациясының жасап жатқан жұмыстарын ерекше айта кетуге тұрарлық. Олар Қазақстан футбол федерациясымен тығыз қарым-қатынас жасап, байланысты нығайта түсті. Облыс басшылығы тарапынан лайықты қолдау бар. Жұмыс жүйелі жүргізіле бастады. Бұл орайда оның жетекшілігіне облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаевтың келуін ерекшелік атап өтуіміз тиіс. Сондай-ақ, жиын барысында Маңғыстау және Қарағанды облыстары футбол федерацияларының жұмыстары да оң бағаланды.

Аталмыш жиында Қарағанды және Қызылорда облыстары футбол федерацияларының атқарушы директорлары Николай Бублинский, Аскар Сереев және өзге де азаматтар ой-пікірлерін білдірді.

Жиын соңында В.Катков ҚФФ атынан Қазақстан футболының 100 жылдығына орай бірқатар мамандар мен ардагерлерге мерейтойлық медальдар табыс етті.

Әділжан ҮМБЕТ.

АҚЖОЛТАЙ

«Жасыл белдеу» жүзеге аспақшы

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласы маңында «жасыл белдеу» құру туралы мәжіліс болып өтті.

Естеріңізде болса, Елбасы республиканың барлық қалалар мен елді мекендерінің айналасын жасыл белдеуге айналдыруға тапсырма берген болатын. Аталмыш мәселе бойынша облысымызда 7 қазанда мәжіліс болып, онда тіректі елді мекендерді ескере отырып, аймақтың «Жасыл белдеу» кешенді іс-шаралар жоспарын қайта қарауды облыс әкімі тиісті мамандарға тапсырған. Бүгінде жасыл белдеу бағытында атқарылатын жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында жұмысшылар тобы құрылып, Қызылорда қаласы мен Шымкент көлік жолы бойындағы жұмыстардың жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Бұл жайында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Шәменов мәлімдеді.

Оның айтуынша, жобалық-сметалық құжатты әзірлеуге облыстық

бюджеттен 2014 жылға 29 млн. теңге қаржы қарастырылған. Сондай-ақ, Қызылорда-Шымкент бағытындағы көлік жолының көпірден бастап екі жағына ұзындығы 7 шақырым болатын «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» жолымен қиылысқан жерге дейінгі аралықтағы жалпы көлемі 28 гектарды құрайтын жер таңдалған. «Аталған жерді тандауымыздың бірнеше себептері бар. Біріншіден, желдің бағыты, екіншіден, жолдың солтүстік беткейінде орналасқан орталық бейіт пен қаланың орталық полигонының алдына жабу, яғни, сол арқылы полигоннан шығатын зиянды, лас ауаның қалаға келуін барынша азайту еді. Қазіргі күні бұл жерлер тиісті мамандармен бірнеше рет зерттелді. Ал, қалған жерлер Қызылорда қаласының бас жоспарына еніп, болашақта жеке тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар бой көтеретін болады. Сонымен қатар, бүгінде «Қызылорда қаласы мен әуежай» көлік жолының бойында 4 гектар жерге тамшылатып суару жүйесін пайдалану арқылы жасыл белдеу құруға облыстық бюджеттен 160 млн. теңге қаржы қаралып отыр», — деді Б.Шәменов.

Айта кету керек, аймағымыздың ауа райының құбылмалығы мен топырақтың құнарсыздығына байланысты бұл жерлерде жасыл белдеу жұмыстары екі бағыт бойынша, Қызылорда — Айдарлы жол қиылысынан әуежайға дейін және саяжай жолының сол жақ қапталы арқылы тамшылатып суару тәсілімен жүзеге аспақшы. Осы ретте өңірімізде іс-сапармен болып, өздерінің тәжірибелерімен бөліскен израильдік ғалымдардың пікірлері ескеріліп, олардың тәжірибесін енгізу арқылы жасыл белдеу құру жоспарлануда. «Біз «Жасыл белдеу» құру арқылы Қызылорда да жақсы климат қалыптастыратын боламыз. Мұны жүзеге асыруда облыстың барлық тұрғындары қатыса алады, — деген аймақ басшысы Қ.Көшербаев. — Осыған орай, жуық арада жобалық-сметалық құжаттарды бітіріп, жобаны іске асыруымыз керек», — деді. Осылайша, жиын соңында атқарылатын жұмыстар нақтыланып, тиісті мекеме басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ҒАЛЫМНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ



Облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, белгілі ғалым, жерлесіміз Бауыржан Елеусінов Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі болып сайланды.

Б.Елеусінов Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда пединститутын, Киев ұлттық университетінің аспирантурасын бітірген. Қазіргі Қызылорда мемлекеттік университетінде аға оқытушы, факультет деканы, ректордың көмекшісі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ҰУ Қызылорда филиалының директоры, «Болашақ» университетінің ректоры секілді білім саласының бірсыпыра басшылық қызметінде болды.

Оның қаламынан туған орта және жоғары мектептерге арналған оқу құралдары қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр тілдерінде жарық көрген. 2 монографияның авторы.

Ізденгіш ғалымның қоғамның түрлі мәселелерін қамтыған мақалалары Ресей, Өзбекстан, Испания, Корея елдерінің баспасөздерінде жарияланған. Осының өзінен-ақ Б.Елеусіновтің қолға алған тақырыбын ғылыми тұрғыдан терең қамтып, қоғамдық санаға әсер ете білетін біліктілігі көрініп тұрады.

Өзінің осындай еңбегімен елене білген жерлесімізді біз жаңа ғылыми атағымен құттықтай отырып, оған шығармашылық табыс, шырайлы өмір иесі бола бергейсіз деген ақжолтай тілегімізді арнаймыз.

Туған Отанымыздың ғылымын жаңа белестерге көтере беріңіз, жас ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі ілгерішілдігіңіз жемісті болғай.

Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.

● ДАМУ

ЭКОНОМИКА:
2013 ЖЫЛ БЕЛЕСТЕРІ

ӨНЕРКӘСІП

2013 жылдың 11 айында облыста өнеркәсіп өнімінің көлемі 1,2 трлн. теңгені құрады. Өндеу өнеркәсібінің көлемі аталған кезеңде 58,1 млрд. теңгені құрап, 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 116,9 пайызды құрады. Үстіміздегі жылдың 9 айында бір адамға шаққанда өндеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 9,5 АҚШ долларын құрап, 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда оның өсу қарқыны 180,5 пайыз болды.

ИНВЕСТИЦИЯ

2013 жылдың 11 айында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 298 млрд. теңгені құрады. Бұл 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда бір жарым есе жоғары. Өндеу өнеркәсібіне аталған кезеңде 3 млрд. теңге инвестиция тартылды. Оның салыстырмалы кезеңдегі көлемі 114,6 пайыз.

Аймақтың инвестициялық және инновациялық белсенділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының, даму институттарының, Қазақстан Республикасындағы елшіліктердің өкілдері және шет елдік кәсіпкерлер мен инвесторлардың қатысуымен 2013 жылдың наурыз айында І инвестициялық «Байқоңыр» форумы өткізілді.

Форум барысында өзара ынтымақтастық және іс-қимыл жүргізу, инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру, облыс экономикасына инвестиция тартуға бағытталған 5 меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ, өзара ынтымақтастық және іс-қимыл жүргізу, инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру, облыс экономикасына инвестиция тартуға бағытталған 23 меморандумдарға қол қойылды.

2013 жылы Астана қаласында өткізілген экономикалық форум аясында Қызылорда облысының инвестициялық мүмкіндіктері мен

жобалары оған қатысушыларға таныстырылды. 2013 жылдың қыркүйек айында Монако корольдігінде өткізілген бизнес-форумда жанартылмалы электр көздері саласындағы жобаларға инвестиция тарту және оларды бірлесіп жүзеге асыру туралы облыс әкімдігі мен «Hydroconcert-Solar» компаниясы арасында меморандумға қол қойылды.

ИНДУСТРИАЛДЫ-
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

2013 жылдың екінші жартыжылдығында Өңірлік картаға енгізу үшін ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне жалпы құны 20,8 млрд. теңгені құрайтын 7 жоба жолданды. 2014 жылдың бірінші жартыжылдығында өткізілетін өзектендіруге ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне жалпы құны 16 млрд. теңгені құрайтын бір жоба жолданды.

Алдағы жылдары облыстың әлеуметтік-экономикалық да-



муына ықпал жасайтын шыны зауытының құрылысы, Шалкия кен орны, кремний шығару, газ-турбиналық станса және басқа да индустриялық-инновациялық бағыттағы өндірістік жобалар жүзеге асырылатын болады.

Индустриялық аймақ құру бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу және өңіраралық байланысты нығайту мақсатында 2013 жылдың қазан айында қазақстандық делегация құрамында облыс әкімі орынбасарының Польша Республикасына іссапары жүргізіліп, нәтижесімен темір жол саласы үшін қосалқы

бөлшектер шығаруға байланысты бірлескен кәсіпорындар құру бойынша «4UP TRADE» и «PONAR» чех компанияларымен меморандум жасалды.

Өзара тиімді байланыс орнату, өнімді өткізу және алудың жаңа кезеңдерін іздестіру, қызығушылық танытатын салаларда іскерлік байланыстар жасау мақсатында 2013 жылдың қараша айында Ресей Федерациясы Татарстан Республикасына сауда-экономикалық миссиямен облыстан арнайы делегацияның іссапары ұйымдастырылды.

СБ экономика.

● КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

ЗАМАНАУИ ҚҰРЫЛЫСТАР
ежелгі қала сәулетін еншілемек

Келер жылы шаһар келбеті жаңаша кейіпке енеді. Қалаға кіретін қақпадан бастап өңірдің ерекшелігін айшықтап көрсететін ұлттық нақышта салынған ғимараттар, заманауи үйлер мен демалыс орындары бой көтереді. Ең бастысы, «Сыр – Алаштың анасы» атанған аймағымызда сырттан келген қонақтарды төл тарихымыздан хабардар ететіндей құрылыс жұмыстары жүргізілмек. Бұл жайында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен сәулет-қала құрылысы Кеңесінің отырысында сөз болды.



дары көпшілікке ыңғайлы болуы керектігін де тілге тиек етті.

—Келешек ұрпаққа тарихты ұғындыру үшін Сығанақ, Сауран, Жанкент сияқты ежелгі қалалардың элементтерін пайдалану керек. Біз өзге қалаларды шыны немесе бетонмен салынатын ғимараттармен таңғалдыра алмаймыз. Сондықтан әрбір жасаған ісімізде ұлттық нақыштағы бейнелер көбірек қамтылуы қажет. Осы жағына құрылысшылар жіті назар аударғаны дұрыс. Қажет болса, мамандар Бұқара, Самарқанға барып, көріп келгендері жақсы,—дей келе, облыс әкімі мен кеңес мүшелері бұл жобаны бірауыздан мақұлдады.

Кеңес отырысында сырдың жас отбасылары үшін жағымды жаңалықтан да хабардар болдық. Енді олар үшін қаланың «Титов» мөлтек ауданынан бес қабатты жатақхана құрылысы салынатын болады. Оның эскиздік жобасы жайында «Жоба» серіктестігінің директоры Станислав Пегай мәлімдеді. Жас отбасылар үшін салынатын жатақхана 250 орынға лайықталған. Оның бірінші қабатында қойма, комендант бөлмесі, киім-кешек сақтайтын бөлме, екі орынға арналған 16 тұрғын пәтер және үш орынға арналған 5 тұрғын пәтер орналасады. Жатақхана орталықтандырылған жылу, ауыз су, көріз және электрмен қамтамасыз ету жүйелеріне қосылған. Оның ауласында автотұрақ, балаларға арналған ойын алаңдары да қарастырылған.

Бұдан басқа, кеңес отырысында Жалағаш ауданындағы №246 орта мектепті қайта жанғыртудың және Қармақшы ауданы, Иіркөл ауылында салынатын 50 орындық балабақшаның эскиздік жобалары қаралып, келісім алынды. Сонымен қатар, қаланың сәулет құрылысына қатысты өзге де жобалар қаралды.

Кеңес барысында аймақ әкімі ел тәуелсіздігі мен жана-жылдық мерекеге орай облыс көлемінде сәулет және қала құрылысы саласына еңбегі сіңген бір топ сәулетшілерді ҚР Өңірлік даму министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Құрметті сәулетшісі» төсбелгісімен марапаттады.

Айсауле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

● ӨНЕР КҮНДЕРІ

Асқар Тоқмағанбетов атындағы Қызылорда қалалық мәдениет үйінде Тұңғыш Президент күнінен бастау алған қала мен аудан өнерпаздарының өн шашуын сырдариялықтар жалғастырды.

СЫРДАРΙΑЛЫҚТАРДЫҢ
РУХАНИ СЫЙЫ

Ұлағатты шара мәдениет үйі фойесіне қойылған көрмені тамашалаудан бастау алды. Мұнда халқымыздың салт-дәстүрі, тарихы жайлы сыр шертетін құрал-жабдық қойылған. Сондай-ақ, Сырдария ауданынан шыққан елімізге танымал тұлғалардың бейнелері, жазбалары «мен мұңдалап» тұрды.

Ауданның шығармашылық кешінде өнер иелері қала халқын әсем өн мен мың бұралған би, күмбір қаққан күй құшағына баурап алды.

Рухани кешке қатысушылар халыққа ерекше көңіл-күй сыйлаған сырдариялықтарға ризашылық сезімін білдірді.

ҚАЗАЛЫНЫҢ ӨН ҚАНАТЫ

Облыс орталығы тұрғындарына қазалылықтар да өз өнерін тарту етті.

Қызылордалықтар А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде өткен аудан өнерпаздарының «Өнерлі өлкем – Қазалы» атты концерттік бағдарламасын қызығушылықпен тамашалады. Жергілікті сазгерлердің өндері шырқалған тыңдарманға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Әсіресе, көпшілік «Қорқыт сазы» фольклорлық халық ансамблінің, «Мырза» атындағы халық оркестрі мен балалар хор ұжымының өнерлеріне ерекше қошемет білдірді.

ӨНЕР МЕН ДӘУЛЕТ
ҚОНҒАН ЖЕР

Кеше А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Жырлайды Арал, қабыл ал қыдыр қонған Қызылорда» атты әсем өнмен, мың бұралған бимен, күмбірлеген күймен көмкерілген көңілді кеші болып өтті.

Қызылордалықтар бойына рухани күш сыйлаған кеш жергілікті қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан ұлттық дәстүрімізді ұлықтайтын көрмені тамашалаудан бастау алды. Жиналғандар есімдері елімізге танымал зергер Қ.Құтпанбетов пен суретші Б.Бөкешовтің зергерлік бұйымдары мен суреттерін көріп, жоғары бағалады.

Салтанатты шара аралдық өнерпаздар тартуы — өн және билерімен жалғасын тапты. С.Тілепов дирижерлік жасайтын Сыр аймағына танымал Қазанғап атындағы оркестр күйлері, республикада көш басында жүрген «Арал-Ас» жайдарман тобы өнерлері мен Е.Қадырқұлов контрабаспен орындаған «Қанекей, тілім сөйлеші», белгілі ақын Т.Абылаевтың «Сәлем, саған, туған ел» өлеңі, өңші Н.Сейтмұратовтың салған сазды өндері көпшілік көкейінен шықты.

Аудандардың өнер кештерін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев тамашалады.

Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.

Ауыл тұрғындарын несиелендіру еселеп өсті

«ҚазАгро» Ұлттық Басқарушы Холдингі» еншілес компаниясының «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ 2005 жылдан бастап еліміздің қаржы нарығында табысты қызмет етіп келеді. Қордың негізгі мақсаты – несиес ресурстарын ауыл тұрғындарына барынша қолжетімді түрде ұйымдастыру, олардың хал-ахуалын жақсартып, аяқтан нық тұруға жәрдем беру. Компанияның жыл бойы атқарған жұмыстары жөнінде тілші сауалына «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Нармұхан Қалмаханұлы Сарыбаев жауап береді.

– «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» ауыл тұрғындарына өтіп бара жатқан ағымдағы жылы қандай игі іс-шаралар жасады?

– 2013 жыл оңай болған жоқ, дегенмен нәтижелі тұстары да баршылық. Айталық, ауыл тұрғындары мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелендіру көлемі екі есеге дерлік ұлғайды. 2012 жылы жалпы сомасы 11,2 млрд. теңге көлемінде 5 мың несиес берілсе, үстіміздегі жылы бұл көрсеткіш 20 млрд. теңгені құраған 8,5 мың несиесіге дейін өсті! Несиелеу саны мен көлемінің өсуі ең алдымен «Жұмыспен қамту – 2020» Жол картасына байланысты жүзеге асып отыр.

Сонымен қатар, біз бірнеше жаңа несиес өнімін аштық. Олардың бірі – Ислам Даму Банкінің қаражаты негізінде жүзеге асырылған «Мұрабаха» бағдарламасы. Ислам қағидатының негізінде бөлшектеп несиелендіруді Қор елімізде тұңғыш рет енгізді. Елдің алды болу қашан да оңай іс емес. Десек те, біз Ислам Даму Банкінің қойған барлық талаптары мен өзімізге жүктелген міндеттерді орындай алдық. Жұық арада Банк тарапынан бөлінген 10 млн. АҚШ доллары толық мөлшерде ауылдық шағын несиес түрінде беріледі.

Сонымен бірге биылғы жылы біз «Жылыжай» бағдарламасын қайта жандандырдық. Бағдарлама негізінде еліміздің оңтүстік аймақтарында фермерлік шағын жылыжайлар құрылысы қарқын алды.

Бұған қоса, Несиелендіру шарттары бойынша несиес алушыларға қойылатын талаптар да біршама жеңілдетілді. Мысалы, кепіл саясаты жұмсарып, несиес қайтару мерзімі ұзартылды және т.б.

2013 жылдың маңызды нәтижелерін де атап кетуім жөн: 3 жыл көлемінде «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 3 мың несиес берілді, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында тұрғын үй сатып алу үшін 10 мыңыншы жас маманға несиес берілді. «Егінжай», «Шағын несиес беру ұйымдарын несиелендіру», «Бизнес-аймақтар», «Кәсіпкер» және тағы басқа бағдарламалар сәтті орындалуда.

– Яғни, әрбір ауыл тұрғыны өз кәсібін жүргізу үшін, мейлі ол мал шаруашылығы, цех немесе жеке шаштараз ісі болсын, сіздерге келіп несиес алуға мүмкіндігі бар ма?

– Дәл солай. Өзіңіз айтқан кәсіптердің барлығы – бүгінгі ауыл тынысының негіздері. Егін салу мен мал басын өсіру ғана емес, цехтар, дүкендер, қызмет көрсету орындарын ашу – бұлардың

барлығы ауыл инфрақұрылымына кіреді және ауылдың жағдайын жақсартады. Біздің басты мақсатымыз – қаржы құралдарын пайдаланып Қазақстан ауылдарының әл-ауқатын көтеру.

Осы тұста айта кетерлік жайт, қандай да болмасын қаржыландыру бағдарламасының табысты орындалуы оның шарттарында ғана емес. Табыс көзі ең алдымен – адамдарда. Яғни, бағдарламаны жүзеге асыратын мамандар ауыл тұрғындарымен тіл табысып, бағдарлама талаптарын түсіндіретін, тиісті құжаттар өзірлеуге көмектесетін, несиес қаражатын мақсатты жұмсалуды қадағалап, қайтарылуын бақылауы қажет. Біздің негізгі ресурсымыз – шапғайда қызметте жүрген мамандарымыз. Оларға менің алғысым шексіз. Жаңа енгізілім, мөлшер өсімі, уақыт пен мамандар тапшылығына қарамастан олар өз міндеттерін адал атқара білді.

– Атқарылған жұмыстардың ауқымды екені көрініп тұр. Дегенмен келесі жылы тағы қандай іс-шаралар жоспары бар?

– Келер жылға жоспарымыз көп. Біздің басты бағытымыз, ұстанымымыз – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі өзірлеген «Агробизнес – 2020» бағдарламасын орындау. Осы бағдарлама аясында біз ұсақ фермерлік шаруашылықты, отбасылық сүт фермаларын, фермерлік жылыжайларды қаржыландыру жөніндегі несиелік өнімдерімізді жүзеге асыратын боламыз. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мен аймақтарды дамыту бойынша басым бағыттарды орындау негізінде ауыл кәсіпкерлерін «Жұмыспен қамту – 2020» Жол картасы бойынша несиелендіру шаралары да жалғасатын болады.

– Өңгімеңізге рахмет!

Д.АЯШҰЛЫ.

Республикамызда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Өйткені, біздің ана тіліміз – Туымыз, Елтаңбамыз, Өнұранымызбен қатар біздің елдігіміздің басты белгілерінің бірі болып саналады. Мемлекет болған жерде оның мемлекеттік тілі де болуы керек. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ҚАЖЕТ

Сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу сотқа байланысты емес. Өйткені заң бойынша сотқа шағымданушы арызды қай тілде жазса, азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтарын қорғау қағидасын алға тартып, іс сол тілде жүргізілетін болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтардың санын 95 пайызға жеткізу міндетін тегіннен-тегін қойып отырған жоқ. Осыған орай барлық қалалар мен аудандарда тілдерді оқыту орталықтары ашылууда. Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бірге оны тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани-мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып жеткізуші, жинақтаушы қызметін атқарады.

Қай заманнан тілге бай халықтың шапқыншылық заманында небір шешімі жоқ дау-дамайларды би-шешендер бір ауыз сөзбен шешкен. Қазақтар сол бір ауыз сөзге тоқтаған. Тоғыз ойдың тобықтай түйінін бір ауыз сөзбен жеткізу, тыңдаушының санасына қондыру – сөз шеберлігінің шыны. Әрине, өткен жиырма бір жыл ішінде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жөнінде шаралар жасалмады деп айта алмаймыз. Бірақ нәтижесі мардымсыз. Тілге байланысты Заң шолар, мемлекеттік тілге қатысты талаптар осал.

Сот жүйесінде іс қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу жоспарлары бойынша бірқатар іс шаралар жүзеге асырылды. Дей тұрғанмен, кемшіліктер әлі де жетерлік. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді мақсат еткен сон, талаптарды да жоғары қою керек. Тілдің мәртебесін көтеру үшін құрылған жоспармен тек тіл жанашырлары ғана жұмыс істейді. Сондықтан тек мемлекеттік қызметкерлерге ғана емес, қай мемлекеттік мекеме болмасын іс қағаздарын жүргізетін мамандардың жүз пайызы қазақ тілін меңгергені жөн.

С.ЖАЛҒАСБАЕВА,
Қармақшы аудандық сотының
бас маманы.

● МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Өңірлік семинарда өрелі істер талқыланды



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Ө.Бәйменов Оңтүстік өңір журналистеріне «Мемлекеттік қызметті реформалау: ішкі түйін және аймақтық БАҚ-тағы көрінісі» атты семинар өткізді. Еуропа Одағының «Қазақстан үкіметі мемлекеттік қызметін реформалау және модернизациялау» жобасы қолдауымен жүзеге асқан бұл шараға Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облысы БАҚ өкілдері қатысты.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы Әлихан Бәйменов кадрларды іріктеу және оларды қызмет бабымен көтерудің, мемқызметтегі этикалық және жемқорлыққа қарсы бақылауды күшейтудің жаңа тетіктерін, «А» корпусының қызметі бойынша тілшілер жиі қоятын сауалдар бойынша жаңа мемлекеттік қызмет моделінің негізгі қағидаларын түсіндірді. Оған жеке тұлғалар, Үкіметтік емес ұйымдар, Қоғамдық және Тәртіптік кеңес мүшелері, меморгандардағы персоналды басқару қызмет өкілдері қатысты.

«Реформа – жүйені заманауи талапқа бейімдеу. Мемлекет түгілі әр саналы жеке адам өзінің қарым-қабілетін, іскерлік қасиеттерін реформалау арқылы дамып, өсіп отырады. Сол үшін ізденеді, оқиды. Мәселен, осыдан ширек ғасыр бұрынғы жылдармен салыстырғанда еліміздің жастары көп өзгерді. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерде білім алып келген көптеген жастарымыз өз беттерімен ізденіп, шағын кәсіпорындар ашып, адамдарды жұмыспен қамтуда. Бұл қоғамның алға жылжығанын көрсетеді. Біздің елдің мемлекеттік қызмет ісіндегі реформаларға ресейлік саясаткерлер мен ғалымдар қызығушылық білдіріп жатыр. Біз іс жүзінде алға кеттік. Біздің қоғамда білімді, білікті мамандар жеткілікті. Со-

ларды таба білу және көре білу керек», – деді Әлихан Мұхамедияұлы. Агенттік жетекшісі «қоғам, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ-пен өзара диалог орнату – ведомство қызметіндегі басым бағыт» екендігін де атап өтті.

Семинар барысында мемлекеттік қызмет сапасын жақсартудағы аймақтық БАҚ өкілдері мен жергілікті органдардың өзара ықпалдастық мәселелері талқыланды. «Этика бойынша кеңесші» және қоғамдық бақылаушы институттарын енгізу мәселелері де қатысушылардың қызығушылығын тудырды. Сондай-ақ, агенттік басшысының жағымды жаңалығының бірі, енді кез келген БАҚ өкілдері мемлекеттік қызметке қатысты өткен конкурстық комиссия жұмысына еркін қатысып, бақылаушы бола алады. Бұл осы салада жүріп жатқан жаңа реформаның жемісі.

Бұған дейін журналистерге мемлекеттік қызметтің жаңа моделін түсіндіру бойынша осындай шолу семинарлар республикалық БАҚ өкілдеріне Астанада, одан кейін Еуропалық Одақ жобасы қолдауымен Қазақстанның солтүстік-шығыс, батыс аймағы Павлодар мен Ақтөбе қаласында өткізілген болатын.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Шымкент қаласы.

● МЕРЕЙ

Мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Бақберген Досманбетов Англияның Оксфорд университетінің «Ғылымдағы атағы үшін» номинациясы бойынша «Сократ» орденінің иегері атанды. Бұл марапат 27 ректордан тұратын «Еуропадағы ректорлар клубы» қауымдастығының шешімімен ғылыми журналдарда жазылған зерттеулері негізінде беріліп отыр.

ҚАЙРАТКЕР ҒАЛЫМ «СОКРАТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ



Англиядағы ең беделді оқу орындарының бірі Оксфорд университеті жылына бір рет Еуропа мен Азияның 30-дан астам елдерінің ішінде ең үздік деп танылған ғылыми зерттеулерге талдау жасап отырады. Оның әр елдерде маркетинг жүргізіп отыратын 80-ге жуық өкілі бар. Арнайы мамандар қай елде ғылым саласы бойынша тың жаңалықтар бар, кімдер білім мен ғылымның озық жүйесін пайдаланатыны туралы зерттеулер жасап отырады. Соның негізінде жерлесіміз өзінің тың идеяларымен шетелдіктердің көзіне түссе керек. Ойламаған жерден Лондоннан шақырту алған Бақберген Сәрсенұлы бұл жүлдені еліміздің білім саласының дамуына үлкен мүмкіндік туғызатынын айтады.

– Жуырда ғана шетелдің ең маңдай-алды жоғары оқу орындарының бірі Оксфорд университетінде өткен үлкен форумға барып қайттым. Онда әлемнің көптеген мемлекеттерінен инвесторлар, ғалымдар қатысты. Мен үшін салмағы биік сыйлық болса, келешек ұрпақ үшін білімнің көкжиегіне ашылған жол деуге болады. Біз ол жерде Еуропа мен Азияның бірнеше жоғары оқу орындарымен меморандумға қол қойдық. Бұл біздің студенттер үшін шетелде тіл дамыту үшін беріліп отырған үлкен мүмкіндік, олармен тәжірибе алмасуда жақсы бастама дер едім. Мен қазір өзімнен гөрі елдегі жастардың білім алуы мен заман талабына сай өсіп жетілуін көбірек ойлаймын. Сондықтан да бұл өңір жастары үшін де маңызы зор. Соңғы кезде облыстағы соны серпілістерді естіп қуанып жатырмыз. Жалпы, елде болып жатқан әрбір жаңалыққа, игі істерге құлақ түріп отырамыз. Облыс тұрғындарын алда келе жатқан жаңа жылдарымен құттықтаймын. Отбасыларына амандық, береке-бірлік тілеймін, – дейді жерлесіміз.

Біз де өңір жұртшылығы атынан Бақберген Сәрсенұлына ғылымдағы жетістігі үшін құттықтай отырып, зор денсаулық, толағай табыс тілейміз.

Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.



Пайғамбарымыз Мұхаммед саллалаһу алейһи уа саллам өзінен бұрынғы пайғамбарлар мен өзінің арасындағы байланысты былай баяндайды. «Мені мен менен бұрынғы пайғамбарлардың мысалы — үй тұрғызған бір кісі сияқты. Әдемі көркем етіп салады, тек бір бұрышында бір кірпіштің орны бос қалады. Халық ол үйді айналып көріп ұнатып: «Өттен, мына бір кірпіші қойылса ғой» дейді. Сол кірпіш Мен боламын» деген екен. Көріп отырғанымыздай пайғамбарымыз үйді бұзып қайта тұрғызушымын деген жок, толықтырушымын, аяқтаушымын деген. Бұл дініміздің жақсылық жолды киратушы емес, керісінше толықтырушы екендігін көрсетеді.

Біздің бұдан алар үлгіміз: Егер Құран мен сүннет жолын өмірімізге енгіземіз десек, Құран мен сүннетке қызмет жасаған ғұлама бабаларымыздың мұрагері, Құран мен сүннет арқылы өмірін өрнектеген дана халықтың ұрпағы ретінде солардан қалған сара жол, данғыл дәстүрді жаңғырта отырып кемелдендіруіміз керек. Әйтпесе, дәстүрді мансұқтау дегеніміз, дайын үйді бұзып далада калумен тең.

Ұлттың құндылығы — мәңгі өзімен бірге жасасып келе жатқан тілінде, салт-дәстүрінде, ұлттық өнерінде. Оларды бір-бірінен бөліп те қарай алмаймыз. Себебі, олар бірін-бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттың болмысын құрайды. Біздің қазақтың ұлттық және діни дәстүрлерінің тәрбиелік ұрпақ қалыптастырудағы рөлі орасан.

Тәрбие ана құрсағынан басталып-ақ кетеді дейді ғалымдар. Олай болса, бала дүниеге келмей тұрып басталатын «құрсақ шашу», бала дүниеге келе салысымен болатын «сүйінші сұрау», «азан шақырып ат қою», «шілдехана тойы», «бесікке салу», «қырқынан шығару» — бәрі-бәрінің өзіндік тәрбиелік орны, маңызы бар екені анық.

Салт-дәстүрлер тек қана тәлім-тәрбие ғана емес, бұлжымас тәртіпке де негізделген. Мәселен, аруақты сыйлау туралы бір ғана сөзбен тоқталсақ, бұл жерде мәселе марқұмның жетісі, қыркы, жылын атап мал союда емес, мәселе — ағайын-туыс, құда-жегжатқа көңіл айтып, қайғысына ортақтасуда. Ойлап көріңізші, кісісі өліп қаралы болған туысына, досына Атыраудан — Алтайға, Қызылжардан — Қызылордаға, Баян-Өлгейден — Баянауылға келетін кім? Ол — қазақ. Топырақ салысуға үлгерейік немесе жетісінде бет көрісейік, қыркына барамыз деп, бет көрмесе мынау тірлікте өзін кінәлі сезінетін халық кім? Сол біздің қазақ. Өлімнің артын

күтудің өзі — қазақ үшін бірлік пен берекенің, ұят пен ардың нышаны. Ендеше әріден ойлар болсақ, осылардан айырылсақ біртұтас халқымыздың елі мен жерінің тұтастығына сызат түспей ме?!

Ұлыстың ұлы күнін тойлау да, жеті атаға дейін қыз алыспау да, тәбәрік тарату, ата-бабалар мазарына зиярат жасау секілді ғұрыптар әрине, мұсылман дінінде, нақтылап айтсақ, араб халқында жок. Сонда бұлар арабтарда жок екен деп біз бас тартуымыз керек пе? Әлде, жеті атадан бері қыз алысып-беріспейтін дәстүрімізді тәрк етуіміз керек пе? Ендеше, біздің дәстүр-салтымыздың бәрі мұсылман дінінен ауытқушылық немесе қарсылық емес, ежелден қалыптасқан әдет-ғұрып. Сол әдет-ғұрыптың бәрі де мұсылман дінімен ымыраласа жүріп жатқанын байқаймыз.

Яғни, ислам дінін қабылдау дегеніміз — ұлтымызды арабтандыру деген сөз емес. Ал қоғамда орын алған мына оқиғаны еске сала кетейін, бір қарындасымыз былайша баяндайды. «Шелпек тарататын ай сайынғы әдетімізмен үй-үйді аралап келе жаттым. Бір кезде бір үй иесі: «Бұл — исламға жат. Шын мұсылман жеті шелпек пісірмейді», — деп шелпегімді алмай, есігін тарс еткізіп жауып алды», — дейді.

Жоғарыдағы мәселеден кейін жеті шелпектің қайдан шыққанын зерттей келе, мынандай ақиқатқа көз жеткіздім. Құранда «Мәйда» сүресінің 112-115 аяттарында былай баяндалады: «Хау-арилер: «Ей, Мариямұлы Иса! Раббың бізге тосын бір дастарқан түсіруге күдіретті ме?» - деген кездерінде (Иса оларға) «Егер мүмин болсаңдар Алладан қорқыңдар» деп жауап берді. Олар айтты (ол «дастарқаннан жеуді және көңілдеріміз орнығуын және де сенің шын сөйлегенінді анық біліп ол дастарқанға куәлік берушілерден болуды қалаймыз». Көптеген тәпсір кітаптарында осы аяттарға байланысты Иса пайғамбар намаз оқып, дұға жасағаннан кейін дастарқан түскен. Бір қызығы, атақты Имам Ғазалидың төмендегі риуаятымен сәйкес келеді. Атақты Имам Ғазалидің кітабы Ихияда дастарқан мәзіріне қатысты тақырыпта мынадай риуаят келеді: «Иса пайғамбардың серіктеріне түсірілген дастарқанда мынадай нәрсе бар еді: Көкөністің бір-екі түрінен басқа барлығы бар және бас жағында сірке суы, тұз қойылған балық пен жеті күлше

● АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Қазақ – сонау көнеден бастау алатын тарихы бай халық. Оның сол көнеден бүгінге дейін жеткен сан-салалы мәдениеті, әдебиеті, тілі, тарихы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі қалыптасқан. Қазақ жеріне исламның келгеніне 12 ғасырдан асқандығын, халқымыздың мың жылдың үстінде ислам дінімен өмір сүргендігін ескерсек, халықтың бойына сіңген, өмірінен орын алған әдет-ғұрып пен дәстүрімізге ерекше мән берілу қажеттілігі айқындалады. Себебі, дәстүр халықтың күнделікті тыныс-тіршілігі мен танымының іс-жүзінде қалыптасқан көрінісі.

нан. Әр күлшенің үстінде бір зәйтүн мен бір анар болды», — дейді. Мінекей, жеті күлшенің қайдан шыққаны белгілі болды. Демек, қазақтың жеті шелпегін құдайы күлше, құдайы нан деуі, оны күлше формасында, жеті дана етуінің мәні осында жатқан жоқ па, ағайын?!

Ислам дінінде бөліну жоқ, бірін-бірі сынға алып, айтысып-тартысу да жоқ. Онда бағыт бар, басты ұстаным бар,

деп ақыретті еске салған Шал ақынды;

Алла деген ар болмас,

Алла деген пенделер,

Еш нәрсеге зар болмас, - деп Аллаға арқа сүйеуге шақырған, мінәжат айтқан Бұхар жырауды адасушылықпен айыптайтын ағайындар, пайғамбарымыздың «Кімде-кім біреуді көпір десе, егер айтқан адамы олай болмаса, онда өзі соған лайық болады» деген хадисін

ДІНІМІЗДЕГІ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ КӨРІНІСІ

ғұлама-ғалымдардың салып кеткен сара жолдары бар.

Біз дінсіз ел емеспіз. Әкесі мен ұлы, енесі мен келіні стақан соғыстырып, баласы көмелетке толған соң ата-анасынан безетін, көршісінің баласы жүгіріп шуласа, полицияға шағымданатын, келген қонағына қиналатын халық емеспіз. Сол үшін ата-баба дәстүрі десе, «Жок, ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз» дейді. Егер аталары еш нәрсені түсінбеген әрі тура жолда болмаған болса да ма?» (“Бақара”, 170) деген аятты оқи жөнелетіндер аятты орынды-орынсыз қолданып жатқандығына бір үнілсе дұрыс болар еді.

Біз әке тұрып ұл сөйлегеннен безетін, ата-ененің қалауын қабағынан сезетін, ата-анасы жынды болса, байлап бағатын, қолдағыны бөліп беріп көрші мен қонақтың көңілін табатын, қызына қырық үйден тыйым салатын, тағы да басқа көптеген мүміннің сипаты, мұсылманның мұраты саналатын асыл қасиеттерді отбасы ошақ қасында бойға сіңіретін салт-дәстүрі бар халықпыз. Бұлар адасушылық болса, тура жол қайсы?! Бұған қоса, атадан мұраға қалған нақыл сөздер мен өлең-жырлардың имандылыққа баулуда алар орны қаншама?!

Бар Құдай көкте де емес,

жерде де емес,

Мекенін бір Алланың ешкім білмес. Сипаты сегіз болған, бірі — кәләм, Сөйлейді құдіретімен Алла тағалам Еш нәрсеге ұқсамайды Ол,

еш нәрсеге,

Кітаптың айтқанынан ойлама көп, — деп әһлі сүннәтің ақидасын өлеңмен өрнектеген Мәшһүр Жүсіпті;

Билер, пара жемендер, Жанға бейнет кезбендер.

Кісі хақын алмандар,

Аузына пара салмандар.

Дүние жинап өткен жоқ,

Бізден бұрынғы Пайғамбар.

Сөз айтайын, үлкендер,

Құдайдан ғапіл өтпендер.

Әлің келсе, Мекке бар,

Артық дәулет біткендер! —деген

Шортанбайды;

Қараңғы қабірде жатпақ қиын,

Таңла мақшар болады ұлы жиын.

Намаз, ораза, ғибадат бек пайдалы,

Алладан тілек қылып, күнде сыйын.

Жігіттер, өлім — рас маған нансан,

Ораза ұста, намаз оқы, тілімді алсан.

Ораза ұстамай, намазды оқымасаң,

Әрине, күнәсі не, өлмей қалсаң, —

қаперіне алып жүргені дұрыс.

«Хужжатул Ислам — Исламның дәлелі» атанған Имам Ғазали діни саланың дерлік барлығында құнды еңбегі бар үлкен ғұлама екені белгілі. Сол еңбектерінің ішінде көлемді, әрі танымалы «Ихия-у Улумиддин» кітабы болып саналады. Барлық иман, ғибадат, мінез-құлық тақуалық, нәпсі тәрбиесі, әдеп сияқты тақырыптарды қамтыған осы кітаптың тамактану әдептері мен қонақ күту әдептерінде мына нәрселерді оқуға болады:

Қолға су құю; тамақты жасы үлкен, абыройлы кісі бастау; қонақтан тамақ жейсіз бе, әкелейін бе деп сұрамастан әкелу; мүмкін болғанша дастарқанға қонаққа қойылатын барлық ас түрін әкелу, себебі қонақ көңілі тартқанынан жей алатын болуы керек. (Ал біртіндеп әкелсе, алғашқы келгенінен жеп тойып қалуы мүмкін).

Үй егесі тамақтан қолын соңғы болып тартуы; әркім өз алдынан жеуі; нанға құрмет; тамақты ортақ табактан жеу; табак алынбайынша орынынан тұрмау; қонақтың ас иесіне дұға жасап бата беруі, тамақтан соң қолға су құю.

Имам Ғазалидың мұсылмандық әдептерінің барлығы дерлік қазақы тәрбие көрген қазақ баласының бойында бар қасиет. Кейде дәстүріне пысықрмайтын діндарсымақ кейбір кісілермен табактас болғанда, өзі тойған соң қолын сүртіп, тісін шұқып отыратынына куә болып та жүрміз.

Міне, жуырда қазіргі таңдағы қоғам ішіндегі кей олқылықтардың орнын толтыру мақсатында ҚМДБ-ның Бас мүфтиі Ержан қажы Малғажыұлының бастамасымен «Дін мен дәстүр» атты еңбегі қалың оқырманға жол тартты. Оқып, көңілге тоқитын кітап. Дәстүрімізді дінмен сабақтастырып, шариғи үкімдермен айқындалған, қасиетті Құран аяттары, Пайғамбар (с.а.с.) хадистерімен дәйектелген. Осындай еңбегімен халықты діни білім нәрімен сусындатып жатқан Ержан Малғажыұлына ризашылығымызды білдіреміз.

Дін мен дәстүрді тату тірлікке ұластырып, ата-баба жолынан үлгі-өнеге алатын ұрпақ болып қала берейік.

Тұрар ӘБУОВ,
«Сырдария-Руханият» қоғамдық қорының төрағасы,
облыстық діни кеңес беру орталығының жетекшісі.

● ТҮЛЕКТЕРДІ ШАҚЫРАМЫЗ ●

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры,
ҚР ҰҒА академигі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, бүгінгі таңда әлем жұртшылығын алаңдатып отырған азық-түлік қауіпсіздігіне, экологиялық таза тағам өндірісіне ерекше назар аударды, 2050 жылға қарай елімізде ішкі жалпы өнімдегі ауылшаруашылық өнімінің үлесін 5 есе арттыру межеленді.



БОЛАШАҚ КЕПІЛІ – БІЛІКТІ МАМАН

Осы орайда ауыл шаруашылығы білімі мен ғылымының қарашанырағы болып саналатын, 83 жылдық тарихы бар Қазақ ұлттық аграрлық университетінің алар орны ерекше екендігі сөзсіз.

Ел экономикасының дамуымен және мемлекетіміздің қалыптасуымен тығыз байланыста жылдан жылға мәртебесі биіктеп келе жатқан университетіміздің арғы-бергі тарихында 135 мыңнан аса мамандар дайындалып шықты. Олардың ішінде Кеңестер Одағының батыры, Еңбек Ерлерінен бастап, Жоғарғы Кеңес, Парламент депутаттары, академиктер, мемлекеттік сыйлық иегерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылым және агроөндіріс кешенінің басшылары сияқты ел экономикасы, білімі мен ғылымына және өнері мен мәдениетіне еңбегі сіңген, елге абыройлы, танымал азаматтар бар.

Университеттің негізгі мақсаты – бәсекеге қабілетті аграрлық секторды дамыту үшін жоғары білікті мамандар дайындау, әлемдік білім және ғылым кеңістігінде лайықты орынға ие болу.

Осы тұрғыдан алғанда, университеттің озат студенттері мен магистранттарына, докторанттары мен қызметкерлеріне әлемнің беделді оқу орындарында, ғылыми-зерттеу орталықтарында және үздік зертханаларында біліктіліктерін арттырып, тәжірибе алмастырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге кең мүмкіндіктер ашылған. Темпус, Эрасмус, Мундус, Болашақ, LOGO, FET жобалары мен бағдарламалары жүзеге асырылады. «Темпус» жобасы шеңберінде PhD докторантура білім бағдарламасы еуропалық есеп пен талап бойынша жасалады. Біздің PhD докторанттар Венгрия, Польша, Нидерландия және АҚШ университеттерінің профессорларымен әрі ғалымдарымен бірлесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Университет білім берудегі бірлескен бағдарламасын: «Аграрлық менеджмент» Вайнштефан (Германия) университетімен, «Экология» Вагенинген (Нидерландия) университетімен жүзеге асыруда.

Университет әлемнің 300 жоғары оқу орнын біріктіретін жаһандық консорциумның мүшесі болып табылады. ҚазҰАУ Еуропаның Батыс және Шығыс ғылыми-зерттеу институттары, Солтүстік Американың, Азия және Тынық мұхиты аймақтарымен, 50-ден астам ірі университеттерімен тұрақты байланыста және өзара қарым-қатынаста.

Университет ғалымдары еліміздің барлық аймақтарында Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша 95 инвестициялық жобасына қатысты.

Жапонияның атаки «JEOL» және «Shimadzu» концерндерімен бірлесе отырып 2010 жылы құрылған Қазақстан-Жапон инновациялық орталығы – республикамызда баламасы жоқ бірден-бір инновациялық орталық. Оның құрамында 5 зертхана қызмет етеді.

Қазіргі уақытта университеттің 6 факультетінде 42 мамандық бойынша бакалавриат және арнайы жоғары білімде, 39 мамандық бойынша магистратурада, 16 мамандық бойынша PhD докторантурада біліктіліктерін жетілдіру мүмкіндігі жасалған.

Университеттің абыройын асырып, мәртебесін биіктетіп келе жатқан оқытушылар құрамы 37 академиктен, 388-ге жуық оқытушы-профессорлардан және доктор, кандидаттардан, доценттерден тұрады. Осындай ұлағатты ұстаз, білгір маман, білікті ғалымдар жиналған өнегелі оқу ордасының 100 мыңдаған түлектері бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде отандық экономиканың өркендеуіне атсалысып жүр.

Университет «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасын іс жүзіне асыруда. Университет қабырғасында жұмыс берушілердің Кеңесі құрылған. Кеңес мемлекеттік білім беру стандарттарына жанартулар енгізеді, оқу жұмыстарына талау жасайды. Студенттердің тәжірибеден өтуі мен түлектердің жұмысқа орналасу көздерін кеңейтеді.

Сонымен қатар университет студенттері ауылдық жерлерге қажетті қосымша кәсіптер бойынша

сертификаттар алып шығады: тракторшы, дөңкерлеуші, комбайншы, жүргізуші, қырықтықшы, электрик және т.б.

Ата-аналары жоқ жетім және отбасы жағдайлары нашар студенттерді әлеуметтік қолдауға көп көңіл бөлінеді. Озық студенттер – белсенділер және оқу үздіктері университеттен Президент стипендиясын және университеттің көрнекті ғалымдары атындағы стипендиялар алады. Студенттер қажеттіліктеріне қарай жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Университетте қазіргі заманауи ғылыми кітапхана қызмет көрсетеді, қашықтан оқыту технологиясы енгізілген.

Университеттің жастар саясатының жұмысы студент жастардың белсенділігін арттырып, болашақта бәсекеге қабілетті жеке тұлғаларды қалыптастыруға қызмет көрсетеді. О.Сүлейменов атындағы Әлеуметтік-гуманитарлық білім және тәрбие беру институты жастар әлеуетін қалыптастыруды, Қазақстан патриоттарын тәрбиелеу және рухани-адамгершілік мәдениет жұмыстарын жүзеге асырады. Институтта 8 жастар орталығы жұмыс жасайды: рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие, «Достық» ассамблеясы, Тілдер орталығы және тағы басқалар.

Университетте өскери кафедра, кәсіби көркемөнерпаздар үйірмелері, 22 спорт секциясы жұмыс істейді.

Университет өкімшілігі тарапынан талантты студенттерге деген қамқорлық ерекше. Олардың негізгі мамандығымен қатар, өзінің қызығушылығы мен талап-талант қабілетіне қарай түрлі үйірмелерде оқып, үйреніп, екінші мамандық алып шығу мүмкіндіктері қарастырылған. Бүгіндері университеттің «Гүл-Бану» би ансамблі, Ахмет Жұбанов атындағы халық аспаптар оркестрі, «Алтын дән» эстрадалық ансамблі, «Сенсация», КВН командаларының атактары тек қала немесе республика жұртшылығына ғана емес, алыс-жақын шетел көрермендеріне де танымал болып отыр.

Аграрлық сектор дамуын ел экономикасы дамуының басымдығы деп атап көрсеткен Елбасының ерекше көзқарасы нәтижесінде университетімізге бөлінетін мемлекеттік оқу гранттарының саны жылдан жылға артып келеді. Өткен жылдың өзінде ғана магистратураға 223 орын, докторантураға 33 орын бөлінді. Ал, биылғы жылы 600 орын магистратураға, ал 60-тан астам орын PhD докторантураға бөлінді деп үміттеніп отырмыз. Аграрлық секторға Үкімет тарапынан жасалып отырған қамқорлық аясында «Білім беру», «Ауыл шаруашылығы мамандары», «Ветеринария» мамандықтарына бірыңғай Ұлттық тестілеуден 60 балл жинаған, оның ішінде бейіндік пәннен кемінде 7 балл, ал қалған пәндер бойынша 4 балл жинаған талапкерлер мемлекеттік білім гранты конкурсына қатыса алады. Сонымен қатар, ақылы оқу бөліміне түсемін деушілерге университет өкімшілігі тарапынан жеңілдету жолдары қарастырылған, мысалы, алғашқы төлемақысы жалпы жылдық оқу төлемақысының 25 пайызын ғана құрайды.

Қазақ ұлттық аграрлық университетіне жыл сайын мектеп бітірушілер тарапынан оқуға тілек білдірушілердің қатары көбейіп келеді. Бұл, бір жағынан, әлем жұртшылығы бет бұрып отырған аграрлық секторға деген шынайы қызығушылық болса, екінші жағынан, ұлттық мәртебесі бар, тарихын тереңнен тартқан беделді университетке деген орынды ұмтылыс пен құлшыныс екені сөсіз. Университетте қай жағынан алсақ та, заман талабына жауап бере алатын мамандықтар көп.

Осындайда Мұхамед пайғамбардың «Күніне бір сағат өмірін білімге арнаған адамның дәрежесі бес уақыт намаз, отыз күн оразасын ұстаған адамнан артық дәріптеледі» деген ұлағатты сөздері ойға оралады. Сондықтан да мен кіндік қаны тамған туған жерінің өсіп-өркендеп, гүлденуіне тілеулес, өркениетті өмірге құштар жас түлектерге сәтті қадам тілеймін!

Бізге келіп, білім алып, білгір маман болып шығамын деушілерге біздің есігіміз айқара ашық.

ҰСТАЗ ӨНЕГЕСІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Жақында Тереңөзек кентінде ұрпақтарға үлгі болып, ұстаздардың ұстазы атанған Ажар Әзқожаеваның 85 жылдық мерейтойы салтанатты жағдайда аталып өтті.

Ажар апай 1928 жылы Сырдария ауданына қарасты Шіркейлі ауылында дүние есігін ашады. 1947 жылы Қызылорда қаласындағы №6 орта мектебін бітірген оның еңбек жолы өзінің туған ауылы Шіркейлідегі «Қызыл ту» орталау мектебінде оқытушы болудан бастау алады. Сол жылы Тереңөзек аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметіне тағайындалады. 1948 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі және әдебиеті факультетінен дәріс алған ол қаладағы «1-Май» мектебінде мұғалім, ал 1951-1953 жылдары облыстық кәсіподақ комитеті саяси-ағарту бөлімінің төрайымы қызметін атқарған. Бертін келе Қызылорда қаласындағы мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасары, Қармақшы ауданындағы №26 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте мұғалім болған Ажар апай сонау 1975 жылдан 1987 жылға дейін Тереңөзек кентіндегі кезіндегі М.И.Калинин атындағы (қазіргі И.Токтыбаев атындағы) мектеп директоры қызметінде болады. Еңбек демалысына шықса да, яғни 1997 жылға дейін осы мектеп ұрпақтарына сапалы білім, саналы тәрбие беруге күш салды.

Елу жыл бойы саналы ғұмырын ұрпақтар үшін сарп

етумен келе жатқан Ажар Әзқожаеваның оқу-ағарту саласындағы ересен еңбегі де елеусіз қалған емес. Ажар апай кезіндегі Кеңестер Одағының, бүгінгі ҚР-ның білім беру ісінің үздігі, Сырдария ауданының құрметті азаматы, облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер. Айта берсек, Ажар апайдың бір басына бұйырған сый-сияпат, марапат жеткілікті.

Салтанатта шарада аудан әкімінің орынбасары Е.Әжікенов, аудандық мәслихат хатшысы Б.Маншарипов құттықтау лебіздерін жеткізіп, сый-сияпаттарын табыс етті. Мұнан соң ауданның белгілі азаматтары Ж.Қонысбаев, Ұ.Жаналиева, Ж.Ерманов, Жалағаш ауданының прокуроры Х.Жұмағұлова сөз алып, той иесіне деген өздерінің жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Айтқандай, Ажар апайдың шәкірті, бүгінде Қазақстан Республикасының Бразилиядағы елшілігі қызметіндегі Сәуле Тынышбаевадан құттықтау жеделхатының келуі оны қуаныш құшағына кенелтті.

Ұстаздардың ұстазы атанған А.Әзқожаеваның салтанатты іс-шарасын ән мен би көмкеріп, тағылымды кешке ұласты.

Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.
Сырдария ауданы.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ҰСТАНЫМЫ

ҚР Президенті өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім саласындағы басты міндеттер мен басымдықтарды саралай отырып, оқытудың тиімді жүйесін құру, ғылыми-зерттеулерді әлемдік деңгейге шығару мен ғылымның инновациялық үдеріске тікелей қосылуына қол жеткізу жолдарын белгілеп берді. Сонымен қатар Елбасы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту елдің зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру болып табылатындығын атап өткен. Себебі, мемлекеттің тірегі білімді ұрпақ екені аян. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру ісі ұстаздардан көп оқып, терең білім алуды, өзгелердің озық тәжірибелеріне ден қоюды үйретеді. Содан да болар, қазір озық технологиямен жарактанған шет елдерде арнайы курстардан өтіп келіп жатқан ұстаздар қатары мол. Яғни, бұл Елбасының ұсынысымен жас ұрпақты заман көшінен қалдырмаудың, олардың ойы озық, білімі терең болуын қамтамасыз етудің бір жолы.

Бүгінгі мұғалім жас ұрпақ тәрбиелеу барысында өлшеусіз еңбек етіп, уақыт керуеніне ілесіп келеді. Ел болашағының өркеніет көшінен қалмай, заманауи техникаларды жетік меңгеруі, ұштағанды тіл саясатының жүзеге асырылуы орта мектеп ұстаздарына көп байланысты. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» болуы да, шәкіртінің дарынын ашып, оларды өмір қағидаларына бейімдей білуде де мектеп мұғалімдеріне жүктелер міндеттер жоғары. Мұғалім мәртебесін көтеру, оларды моральдық, материалдық ынталандыру барысында соңғы жылдары жақсы жұмыстар өрістеп келеді. Оны алысқа бармай-ақ, Сыр өңірінің өзінен байқауға болады. «Шәкірттері үш ауысымда оқитын мектеп» деген ұғым түбірімен жойылды. Оның есесіне дарынды балаларға арналған мектеп, Назарбаев зияткерлік мектебі, мектеп-лицейлер саны артып, олар жаңа технологиялық құрылғылармен қамтамасыз етілді. Сөйтіп балалардың білім айдынында кең құлаш сермеуіне зор мүмкіндіктер жасалды. Білім беру ұйымдарында электронды оқыту жүйесін енгізу өріс алып келеді. Осының бәрі де ұстаздан өз біліктілігін арттыруды талап етеді.

Ұстаз мерейі уақыт өткен сайын көтерілуде. Оларға алыс, жақын шет елдерде білімін жетілдіруге, арнайы курстарда оқуға, әлеуметтік жағдайын жақсартуға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп келеді. Биылғы жылдың өзінде Сыр аймағында мемлекет наградасына ұсынылған ұстаздар қатары молайып, миллионер атанған мұғалімдер саны көбейді. Бұл өз кезегінде жоғары және бірінші санатты педагог қызметкерлерінің үлес салмағының артуына септігін тигізеді. Елін сүйген Елбасы қашан да ұстаздар қауымын қолдауға, олардың жақсы істерін бағалауға құлықты. Ұстаздар да өз кезегінде Тұңғыш Президенттің Жолдаулары мен берген бағдарламаларына сергек қарап, оны жүзеге асыруға ұмтылады. Өйткені, Елбасы мен Тәуелсіздік – егіз ұғым. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған азаттығына біз қол жеткіздік. Олай болса Тәуелсіздік туының үнемі биікте болуын қамтамасыз етейік.

Күләш ДОМБАЕВА,
№10 мектептің миллионер мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

Есімдері елге танымал айтулы азаматтар қашанда санаулы. Заманында топ бастаған тұлғалар ешқашан тасада қалған емес. Осындай азаматтардың бірі, тіпті бірегейі, адам жанының арашасы болып жүрген Сырдария аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары, хирург

бөлімінің ординаторы қызметінен бастау алады. 1974 жылы хирургия бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалған ол бүгінгі күнге дейін осы салада жемісті еңбек етіп келеді.

«Тектіден текті туар, ата жолын қуар» деп атам қазақ бекер айтпаса керек. Әкелері Ізет ақ

шықтықта шалғай жатқан Ін-кәрдария елді мекенінен суыт хабар келіп жетеді. Ауылдық ауруханада қан кетіп жатқан жүкті әйелге шұғыл көмек керек. Ол кезде электр желісі жоқ. Дизель отынымен моторға ток беріліп, аурухана кабинетінде жүкті әйелге тиісті операция жасалып,



Шымкент қаласындағы ауруханада кардиолог, жоғары санатты дәрігер болса, Аскары Шығыс Қазақстан облыстық туберкулез ауруханасының бас дәрігері, медицина ғылымының кандидаты, Әлия Астана қаласында дәрігер-эндокринолог қызметін атқарып, халық денсаулығын сақтауды мұрат тұтқан. Асхаты Астана қалалық құрылыс-жоспарлау бөлімінде архитектор-дизайнер болса, Әселі Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінен дәріс алып, бүгінде Қытайдың Пекин қаласында магистратурада білімін жетілдіруде. Кенже баласы Бексұлтан — Оңтүстік Қазақстандағы М.Әуезов атындағы университеттің 2-ші курс студенті.

Жоғары санаттағы дәрігер Шынтастың ел-халық алдындағы ересен еңбектері де ескерусіз қалған емес. 1989 жылы «Кенестер Одағы Денсаулық саласы үздігі» белгісімен марапатталса, 2012 жылы «ҚР денсаулық саласына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі алды. Елбасының «Алғыс хатын» алған ол «ҚР Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталса, аудандық, облыстық деңгейдегі мадақтаулары бір төбе. Биылғы жылы ел Тәуелсіздігі мерекесіне орай Мемлекет басшысының Жарлығымен Шынтас Зетов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бар ғұмырын халық денсаулығын сақтауға арнап, өзгелерге деген шапағатын шашумен жүрген замандасымыз Шынтас — көкірегінде оты, жүрегінде жылуы бар осындай дарабоз дәрігер, жайсаң жан.

Еркін ӘБІЛ.
Сырдария ауданы.

Шынтас Зетов десем, асыра айтқандығым болмас.

Шынтас — менің заманда-сым. Кезінде Теренөзек ауданында қызметте болып, Шөкеңмен талай мәрте түз-дәмдес болғаным бар. Тумысынан етек-жеңі кең пішілген, тұлғасы биік, көкірегі кең сарай, жүрегі жомарт жанның шипа қолынан өмірлік тірлігінің, азаматтық ірілігінің шуағы төгіліп тұрады. Бір таңғаларлығы, Шынтас сонау 1972 жылдан бері осы уақытқа дейін, яғни 41 жыл бойы өмір үшін арпалысқа түскен жандардың басты байлықтары — денсаулықтарын түзеу үшін ғұмыр кешіп келеді.

— Маған, — дейді жылы ғана жымия сөйлейтін Шынтас, — талай-талай басшылық қызмет ұсынылды. Күй сенерсіздер, күй сенбесіздер, мен келісім бермедім. Өйткені, мен үшін адамдар денсаулығын сақтаудан қымбат жұмыс жоқ дер едім.

Айтса айтқандай, 1966-1972 жылдары Ақтөбе қаласындағы мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетінен дәріс алған оның еңбек жолы осы аудандық ауруханада ота жасау

бас толқындармен арпалысумен өмір кешкен балықшы болса, өмірге 13 бала әкелген Батыр аналары Ақбазар әже бүгінде 9 ұл мен қыздың ұялары мен қияларында қызыққа кенелумен жүріп келеді... жүріп келеді...

Бір ерекшелігі, Шөкең базбіреулер тәрізді көлгірсуді, болмаса «мен... мен...» деп кеуде керуді білмейді. Керісінше, сөйлесе жалтақтамай, өз ойын кесіп айтады, жалғандыққа бармайды, жылы ғана жымыып жүріп келеді. Шамасы, текті әулеттің тұяғына өкесінен қалған аманат болса керек.

Шынтастың шипалы қолымен жылына 250-300-ге жуық ота жасалады екен. Ал, 41 жылдан астам уақытта 11500-ден астам науқасқа ота жасаған. Саралап айтар болсақ, ішкі құрылысына, қан тамырларына, сүйекке, гинекология ауруларына, оны айтасыз, бауыр, бүйрек, жүрекке ота жасау оңайлыққа түспесі анық.

Шынтас жайлы айтқан ойымыз орнықты, сөзіміз салмақты болуы үшін бір-екі нақты деректерге жүгінеміз. 1978 жылы аудан орталығынан 90 шақырым қа-

сағымданып бара жатқан өмір есігін қайта ашады.

— Аудандық ауруханада, — дейді аурухананың бас дәрігері А.Арғынбаев, — Шынтастың шипа қолымен жылына 20-25 әйелге кесарево әдісімен ота жасалып, өмірге келген сәбилер Шынтас есімін еншілейді. Бүгінде ауданымызда бірнеше ондаған Шынтастар бар.

1982 жылы аудандық ауруханаға 65 жастағы Алексей есімді азамат жүрек жарақатымен (пышақ жарқаты) келіп түседі. Өмір мен өлім арпалысы басталады. Шипагер Шынтас науқастың көк тамырына наркоз беріп, жүрек жарақатын тігуге ота жасайды. Өмірге аман-есен оралған қарт бүгінде 96 жасқа келіп, өзіне өмір сыйлаған Шынтасқа шынайы алғысы мен ақ батасын берумен жүр.

Шынтас Зетов қоғамдық өмірге да белсене қатысады. Кезінде дүркіреп тұрған, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болса, бүгінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының саяси кеңес мүшесі. Аудан халқының сенімін арқалаған аудандық мәслихаттың депутаты, «Нұр

ЕКІНШІ ДОНОРЛЫҚ ЖҮРЕК

Өткен жылы Қазақстанда алғаш рет Ұлттық-ғылыми кардиохирургия орталығында донорлық жүректі трансплантациялау жасалды. 46 жастағы әйелдің жүрегі бір жылдан астам уақыт бойы Жәнібек Успановтың кеудесінде соғылуда. 2013 жылдың 7 қарашасында Қазақстан кардиохирургиясында манызды оқиға болып, донорлық жүрек екінші рет сәтті трансплантацияланды.

Алғаш рет донорлық жүрек үлкен қашықтықтан — Алматы қаласынан Астана қаласына TransMedics (АҚШ) атты бірегей медициналық жабдықпен тасымалданды. Бұл жабдық әлемнің үш жетекші клиникаларында қолданылады — АҚШ, Австралия, Германия, енді Қазақстанда да бар.

Еліміздің азаматы Болат Исаевтың өмірін құтқару бойынша операция бірнеше клиникалардың: Ұлттық-ғылыми кардиохирургия орталығы, А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық-ғылыми хирургия орталығы, Трансплантация бойынша республикалық үйлестіру орталығы, Санитарлық авиация республикалық үйлесті-



ру орталығы және Алматы қаласы клиникаларының ортақ жұмысы нәтижесінде мүмкін болды.

Сондай-ақ, 2013 жылдың 26 қарашасында Ұлттық-ғылыми кардиохирургия орталығында соңғы үлгідегі жасанды сол жақ қарыншаны имплантациялау (LVAD) 100 пациентке операция жасалды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын ғана мұндай операциялар елімізде жасалмайтын еді.

Қазақстандағы кардиохирургиялық қызметтің деңгейін әлемдік ғалымдар жоғары бағалайды. Мысалы, Оскар Фрейзер: «Қазақстандағы кардиохирургиялық клиниканың заман талабына сай екендігін байқадым, сіздердің кардиохирургия саласындағы мамандарыңыз өз жұмыстарына жауапты. Осы орталық мамандарының бірнеше операцияларына қатыстым, нәтижесінде операцияларының сәттілігіне көзім жетті. Мұндай деңгейді күтпеген едім, бұл кейбір еуропалық елдердің деңгейінен жоғары болып шықты. Қазақстанда кардиохирургияның қарқынды дамуына көзім жетті, бұл реанимациялық және операциялық бөлімшелердің жабдықталуы деңгейі бойынша жас кардиохирургтардың дайындығынан көруге болады» деді.

Мұндай жетістікке Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әлеуметтік салада жүргізіп отырған саясатының арқасында, «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде қол жеткізіліп отыр.

«Ұлттық-ғылыми кардиохирургия орталығы» АҚ баспасөз қызметі.

Өткен аптада Қызылорда ОИД Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы қызметкерлері жастар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың және есірткі бизнесіне қарсы күрестің алдын алу мақсатында «Біз есірткісіз өмірді қалаймыз!» ұранымен облыстың барлық оқу орындары арасында командалық би сайысын өткізді.

ЖАСТАР ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚТЫ ҚАЛАЙДЫ

Аталған сайысқа 127 команда қатысып, өз билерінің көркемдігімен жарқын болашақтың көрінісін бейнеледі.

Іс-шара барысында жоғары өнер көрсеткен ең үздік 69 команда бағалы сыйлықтармен марапатталып, қалған өнерлі топтарға ынталандыру сыйлықтары табыс етілді.

Айта кету керек, ағымдағы жылдың басынан бері Қызылорда ОИД Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы қызметкерлері осындай 11 сайыс ұйымдастырып, оған қатысқандар саны бес мыңға жуықтады.

Қызылорда ОИД
баспасөз қызметі.

Жарқырап кел, Жаңа жыл!

Қызылорда қаласындағы «Жас-Нұр Шөмекей» мектепке дейінгі шағын орталығы қаладағы іргелі тәрбие орындарының бірі. Елбасының «Балапан» бағдарламасы аясында өмірге келген бұл балабақшада бүгінгі таңда сексеннен астам бала бар. Балабақша тек балаларға білім мен тәрбие беріп қоймайды, сонымен бірге қала деңгейінде түрлі қайырымдылық шараларға ұйытқы болып, өзге балғындарға қуаныш сыйлауды дәстүрге айналдырған. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Талсуат ауылдық округінде орналасқан облыстық балаларды оналту орталығында ұйымдастырылған мерекелік шара соның бір дәлелі.

Аталған балабақша құрылтайшысы Манат Кенбаева мен меңгерушісі Ақмоншақ Баймаханованың мұрындық болуымен өткен «Жарқырап кел, Жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілік оналту орталығындағы 50 баланы айрықша көңіл күйге кенелтіп, шаттыққа бөледі.

Мерекелік шара барысында балабақшаның «Күншуақ» ересектер тобының балалары түрлі аңдар мен жануарлардың кейіпіне түсіп, Жаңа жыл иесі — Жылқыны қарсы алса, жаңа жылдың құрметіне өнерлі балғындар Аяз ата, Ақшақармен бірге ән салып, мың бұралта би биледі. Сонымен бірге, балабақша меңгерушісі Ақмоншақ Баймаханова оналту орта-

лығының емделушілерін келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, оналту орталығында ем алып жатқан 50 балаға тәттілер мен ойыншықтардан құралған сыйлықтар үлестірілді. Өз кезегінде орталық мамандары да «Жас-Нұр Шөмекей» шағын орталығына әдемі ертеңгілік ұйымдастырып, балаларға мерекелік көңіл күй сыйлағаны үшін ризашылықтарын жеткізіп, өнерлі балаларды дайындап, шараның мәнді де мағыналы болып өтуіне үлкен күш салған «Күншуақ» тобының тәрбиешілері Айгүл Қаламбаева мен Мөлдір Пірәлиеваға және ән-өүез жетекшісі Зүлфия Исабаеваға алғыстарын айтты.

Барлыбек БАТЫР.



Мен алғаш рет Алматы қаласының Төлебаев көшесінде тұратын Әбе ағаның шаңырағында сонау 1978 жылы әкем Абдул Дарбаевпен бірге болған едім. Ол кезде әскер қатарындағы азаматтық борышымды өтеп, С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсуге талаптанып жүргенмін. 1985 жылы әкем қайтыс болды. Содан соңғы қым-қуыт тіршілік Әбе аға екеуміздің арамызды ширек ғасырдан астам уақытқа алшақтатып жіберді.

...Міне, жүрегіміз дүрсілдеп жазушының үйіне кірдік. Бізді Әбе ағаның жары Ажаркүл апа күліп қарсы алды. Үйдің екінші қабатындағы жұмыс кабинетінде Әбе аға жазу үстелінің басында компьютерде отырған жігітке өлденені айтып жазғызып жатты. Жұмысын аяқтап болғанша үнсіз тосып отырдық. Сонан соң Ажар апа біздердің келгенімізді Әбе ағаға жеткізді. Шынын айтсам, мені бірден танықсырамады, себебі де түсінікті. Одан бері арада қанша жыл өтіп кетті. Кімнің баласы екенімді білген соң әкем мен анамды есіне алып, көңілі жібіп сала берді.

Біз ол кісінің мезгілсіз дүниеден өткен екі бірдей қызына көңіл айттық. Әбе ағаның кабинетінің қай жерін болсын кітаптар жайлап алған. Қонақ бөлмесінде қабырғаларға ілінген картиналарға назар аудардық. Суреттердің авторы Әбе ағаның тым ерте дүниеден озған сүйікті қызы Раушан екенін білдік. Бұл картиналар оның «Мир из окна» атты сурет жәрмеңкесінде қойылған. Маған әсіресе Раушанның «Цветочные посиделки у забора» атты суреті қатты ұнады. Сөйтсек, әр суреттің атауын белгілі жазушы-аудармашы Анатолий Ким жеке дара қойып отырған екен.

Әбе аға бізді компьютер үстелінде отырған жігітпен таныстырды. Өзіне тән жұмсақ өзілмен жігіттің аты Адольф болғанымен, «соған қарамастан» жүрегі нәзік азамат екендігін жеткізді. Жарты сағаттан соң Адольф өз жұмыстарымен шығып кетті.

Ал мен болсам, заманының алыбы болған заңғар жазушы Әбе

ағамен онаша қалдым.

Екі-үш сағаттай әңгімелестік, екеуара әңгімеде негізінен ол кісі сөйлеп отырды, мен тек құптап, арасында батынқырамай өз пікі-

ді жеткен Кеңес халқына соғыстан кейін қамқорлықпен қарау керек еді деген пікірін жанап білдіретін.

Ал қазақ әдебиетінің клас-

сені бітірген жас офицер Әбдіжәмілді соғысқа аттанбас бұрын Новошахтинск қалашығындағы майдангер-офицермен бірге орыс әжейдің үйіне орналастырады. Әр

лар одағының төрағасы Сәбит Мұқановпен таныстырады. Сәбит дарынды жас жігітті өзінің қамқорлығына алады.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармаларының барлығы да әдебиетте елеулі орын алды. Әсіресе, «Қан мен тер» және «Сонғы парыз» романдары әлемдік әдебиеттің жауһарларының санатына қосылды.

Бұл кітаптарда Әбдіжәміл Нұрпейісов аралдықтардың тағдыры арқылы қазақ халқы өмірінде болып өткен және болып жатқан тарихи өзгерістерді әлемге таныстырып, жан-жақты ашып көрсетті.

Бірінші кітапта аралдықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір-салты мен өлет-ғұрпын түбегейлі өзгерткен революция мен азамат соғысы көтерілсе, екінші кітапта — қоғамның рухани құлдырауы, аймақтағы экологиялық зардаптар кенінен суреттелген.

Бұл екі тарихи мерзімдердің араларында ұзақ уақыт өлшемі жатса да, аралдықтардың қазіргі таңдағы жері мен елінің тағдыры жөніндегі ой-өрістері мен өзіндік ерекше сезімдері сол бұрынғы қалпында сақталып қалғандай.

Ұлы жазушының сөздеріне зейін қоя отырып, ол кісінің биік және ескертпе сабақтарын тыңдағаным үшін тағдырға мың да бір ризашылығымды білдіріп отырдым.

Кеш түсе жолда бара жатқанымызда Әбе аға сыйлаған «Последний долг» кітабын қайтара аштым. Кітап 2006 жылы Мәскеу қаласындағы «Парад» баспа үйінен шыққан, жақсы қағазға басылып әдемі тысталған. Бұл кітаппен жазушы соңғы он жыл бойы жұмыс істеп, жазғандарын қайта өңдеп, түзетіп толықтырған.

Кітапта Әбе аға маған арнап жазған сөздерінің соңында: «В этой книге мои расчеты с Веком, со Временем. В ней весь я» — деп жазыпты...

Ш.ДАРБАЕВ.
облыстық прокуратура
басқарма бастығының
орынбасары.

2010 жылдың ақпан айының 19-шы жұлдызы. Алматының әсем таңын асыға күтудеміз. Бүгін жолдасым Бота екеуміз үшін есте қалатын сәттердің бірі, себебі бұл күн бізге Әбе аға деп құрметтеп өткен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовпен кездесудің сәтін салды.



рімді де білдіріп қоямын. Көзін жұмыңқырап алып сөйлегенде ағаның майда қоңыр үні өзге әлемнен естіліп жатқандай еді...

Оның Арал туралы, жерлері және ата-анасы, бауырлары жайлы әңгімесін селт етпестен назар қойып тындадым. Бұл тұрғыда әлем елдерінің ұлы жазушыларының шығармашылығы жайлы, қазіргі заман, оның ішінде қазақ елі мен халқы туралы ойлары маған ерекше әсер қалдырды.

Әбе аға Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан адам. Бірақ ол туралы сөз арасында ғана айтылып қалып отырды, онда да Сталинді тілге тиек етіп, фашизм-

сиктері Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндермен бірге жүрген күндері туралы әңгіме қозғағанда жүзі жадырап шыға келді. Бетінде жұмсақ күлкінің табы пайда болды.

Иә, Аралдың Беларан тауының Шығанақ деп аталатын кішкене қыстауында дүниеге келген Әбдіжәміл Нұрпейісов балалық шағынан әдебиетке құмартты. Майдан даласында жазушылық өмірі қалыптасты. Осылай ол әлемдік әдебиетте өзіндік орны бар тұлғаға айналды.

Әдебиетке алғашқы араласа бастаған күндерін Әбе аға былайша еске алды. Әскери учили-

кеш сайын әлгі офицер үйдегі жалғыз кітап — Лев Толстойдың «Война и мир» романының бірінші томын бас алмастан оқитын. Ал ол жоқ кезде кітапты Әбе аға сан қайтара оқып шығатын. Содан соң дәптерге өз ойындағыларын түсіре бастайды. Осылай ол «Курляндия» аталатын алғашқы романын жазды.

Соғыстан келген бойда бірден ол дәптерді Ғабиден Мұстафинге табыстайды. Ол кісінің «бұл не?» деп танырқаған сөзіне «бұл роман!» деп мақтанышпен жауап береді. Жас жігіттің мұндай қылығына қызыққан Ғабиден Мұстафин оны республика Жазушы-

Биыл Сырдың бас қаласы — Қызылордаға 195 жыл толды. Осы екі ғасырға жуық тарихы бар қаламыздың тамыры тереңде жатқаны белгілі. Бірақ бізге туған өлке тарихы кешегі жетпіс жылғы кеңестік кезеңде шынайы оқытылмады. Қазір тәуелсіз елміз. Мені көптен бері мазалап жүрген өзіміз ғұмыр кешіп жатқан Шанхай, Шымбай атауларының шығу тарихы тереңдеп айтылмауы және қаламызда сырын бүгіп жатқан тарихи орындарымыздың бар екенін ойлап қалмады. Солардың бірі Керуен сарайы еді. Ең алғаш Керуен сарайды әжелерімізден естіген едім. Әжелеріміздің айтуына қарағанда Керуен сарай болғанын, ол ескі базарға қіреберістері кірпіштен салынған ғимарат, яғни қазіргі Аль-Асад сауда үйі екен. Алғашқы келген тігін тігетін машинаны жас кезінде әжемнің әкесі осы Керуен сарайдан алып бергенін, сөйтіп тігін тігіп үйреніп, ашаршылық кезде Ташкентте соның арқасында аман қалғанын айтып отыратын. Осы Керуен сарайға болыстыққа түсетін кісілер сән-салтанатпен, жандарына нөкерлерін ертіп келіп, кетіп жүрген, Тұрсынбай датқа әулетінен шыққан Орынбек қызы Зейнеш әжем жүз жасаған атам Сыздықтың ағасы қайтыс болып, жастай қалған жөңгесін өменгерлік жолмен қосқан екен. Өз әжем Торғай датқа әулетінен Қалыш қызы Бибісара Зейнеш әжемнің маған сенім әженің әкесі атағы жер жарған Кареней деген би болған дегені құлағымда қалыпты. Әжем де әкесін кейде Кареней дейтін. Халық Кареней (шын аты Қалыш) деп атап кеткен. Менің атам Сыздық Сүлей екеуі Ақме-

Керуен сарайы



шіт, Қостанай арасында керуен басы болған. Ол кісілер туралы ел аузында өлең жолдар сақталған.

Қостанайдан келеді Сүлей Сыздық
Екеуінің жүрген жері екі бұзық.

Екеуі де уәдеге берік, айтқан сөздерінде тұратын мінезді кісілер болса керек. Оны жөңгелері бұзық деген жерін көздерінше тайсалып өңін айналдырып, салт-дәстүрді сақтап есімдерін бұрмалап

Қостанайдан келеді Шүлей,
Шыжық,
Жүрген жері, ойын-сауық,

күнде қызық, — деп айтады екен.

Сүлей де, Сыздық та қыпшақ руынан, Көбес аталығынан тарайды. Көбес атауы Алаштың ардақтысы Мұстафа Шоқайдың «Рулар хақында» мақаласында кездеседі. Сүлей қоғам қайраткері, Білалдың әкесі, Фатима ханымның ең алғашқы жары. Сүлей де, баласы Білал да халық жауы ретінде 1928-1929 жылдар шамасында ұсталып кетіп, қайтып оралмаған. Солардың бірекі дерегін келтіре кетейін. Қызылорданың 180 жылдығына 1999 жылы шыққан Б.Досмамбетов пен М.Кереев еңбектерінде Сыр өңірінен 18 мың сомның

шикізаты жылына өкеліліп жоғарыдағы көрсеткіштен көптеген сомға артық болатын тауарлар өкелінген. Жылына 20 мың бас қой, кем дегенде 100 пұт жүнтері және қыс айларында кептірілген балық жібергені айтылады.

Бабаларымыз Шығыстан Қытай империясынан бастау алып, Батыста Рим империясынан аяқталып, көне Ұлы Жібек жолын қайта жаңғыртып, Шанхай және Шымбай сауда-саттық жолы деп, Керуен сарай арқылы басқарылып, Қазақстанның түкпір-түкпіріне және Өзбекстан аймағын Ресей тауарларымен қамтамасыз еткен. Шанхай сауда-саттық жолы Орынбордағы Керуен сарайдан Ресей өндіріс заттарын әсіресе самаурын, қазан, шалғы, орақ, балта, кесе, шөйнек, шок арқылы қыздыратын үтік және ұн, қант, шөй, матаны керуен арқылы Аралға жинақтап, күнделікті параходқа тиіп, Перовскі портына жеткізіп, Керуен сарайдан реттестірген. Дарияның батыс жақ беті Аламесекке, дарияның шығыс жақ беті Саудақұл елді мекеніне бөліп жіберіп отырған. Бұл елді мекендерінде керуен жүктерін сақтайтын дүкендер мен керуен түйелерін бағатын арнайы орындар болған. Дарияның батыс жақ бетін Шымбай сауда-саттық жолы, Аламесектен шыққан керуен томар өткелден өтіп

Мұнайтасты жағалап, Бұғар төбе құмына аялдайды. Томар өткел атауы екі жағын сексеуіл томарымен қалаған. Ал Бұғар төбе құмы атауы, Бұқара керуеншілер жиналатын орын болған. Одан әрі Көксенір Қызылдың ішімен үрмені басып өтіп Зекетке аялдайды. Зекет атауы сол кездегі алым-салық жинайтын орын. Шымбайға әрі қарай Бұхара Хорезмге жалғасқан Шанхай сауда-саттық жолы Керуен сарайдан қазіргі Ұлы Жібек жолы даңғылымен Белкөзден асып өтіп, Бөрібай қыстауымен паромды жағалап, Саудақұлға барады. Бұл дарияның жағасы паромға жакын. Керуеншілердің жиналатын тұрағы осы жерде болған. Бұл жердегі арнайы жол Оспан көпіріне керуеншілерге арнайы салынған. Одан әрі Сәдір сарайы. Осы жерде керуеншілердің тоғысатын жері Түркістан әрі қарай Оңтүстік облыстарға, Ташкентке дейін барған жалғыз жол арқылы Қостанайға қарай керуеншілер жалғастырып отырған. Осының барлығы өлкеміздің тарихи атаулары бәрі бірімен байланысты болғандығын айғақтайды. Қай тарихи атауымызды алсақ та, олар ұлттық мүддеге қызмет еткені көрініп тұр. Қазан төңкерісіне дейін үш жүздің басын қосқан Керуен сарай ынтымағы мен бірлігі жарасып еңбек еткені және бір ғана сауда-саттықпен шектелмей, елімізге қатысты маңызды шешімдер шығарған жер. Әрине, мұндай тарихи құндылығымызды сақтап, оны келер ұрпаққа сол қалпында жеткізе білу біздің азаматтық борышымыз саналатыны айтпасақ та түсінікті.

Нұрғали ҚАРТАБАЕВ.

Биылғы жыл біздің облыстың спорт саласы үшін табысты болды. Талай таланттымыз төрткүл дүние тарландары тайталасқа түскен жарыста елдің алдынан көрінді. Жергілікті жанкүйер қауым саңлақтардың сыр бермей, осылайша жеңімпаз атанғанына көл-көсір қуанышқа кенелді. Мұндай табысты спорттың қай түрінен кездестіре алатының ақиқат. Оны осы салаға жеткілікті

деңгейде қамқорлық көрсетіліп жатқанының жемісі деп нық сеніммен айта аламыз. Бүгінгі күні өзге өңірдегі ағайын біздің аймақты ауыр атлетика өркен жайған өлкенің қатарына қосады. Расында, қандай жарыс болса да, атой салып алдыңғы қатардан көрінетін Илья Ильин секілді тума талант туған топырақ соңғы жылдарда сол биік белесінен бір мысқал да төмен түсіп көрген емес. Сондай-

ақ, дүниежүзілік додада дзюдо күресінен бізге медаль бұйырды. Басқа спорт түрлерінен де жеңістеріміз баршылық. Футболдан жергілікті «Қайсар» биыл бірінші лигада сынға түскенімен, жақсы ойын өрнегін көрсетіп, араға жыл салмай, үздіктер қатарына қайта оралды. Облыс басшылығы тарапынан аталмыш салаға қамқорлық жоғары деңгейде жасалып келеді.

Сыр саңлақтарының толайым табысы

ҚОЛДАУ МЕН НӘТИЖЕ

«Қайсар» демекші, елімізге белгілі кейбір азаматтар Қызылордада еңбек жолын бастады. Солардың бірі — даңқты футболшы Тимур Сегізбаев. Атақты «Қайрат» командасында он жылдан астам доп теуіп, талай мықты ұжымның қақпасына қақырата гол соққан ардақты ағамыз спортшылық өмірін аяқтағаннан кейін сол кездегі «Автомобилист» командасына бас бапкер болып бастады. Оған дейін үнемі көштің сонында қалып қоятын біздің клуб сол жылы жанаша түрленіп, алдыңғы орынның бірінен көрінді. Қазіргі таңда балалар мен жасөспірімдер арасында Т.Сегізбаев атындағы турнир жылма-жыл өткізіледі. Биыл қазақ футболының тарланын облыс әкімі Қ.Көшербаев арнайы қабылдап, жергілікті жұртшылық атынан ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ, облыс басшысы мәнерлеп сырғанаудан әлемдік Гран-при додасының күміс жүлдегері, Қазақстан біріншілігінің 3 дүркін чемпионы Элизабет Тұрсынбаева және оның әкесі Байтақ Тұрсынбаевты қабылдады. Оның әкесі Байтақ Сыр өңірінің тумасы болғанмен, өзі 2000 жылдың 14 ақпанында Ресей астанасы — Мәскеу қаласында дүниеге келген. Соңғы 3 жылдан бері Қазақстан чемпионатының алтынын ешкімге ұстатпай келеді. Келешегінен үлкен үміт күттірген өренге облыс басшылығы қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр. Айтпақшы, біздің өңір үшін басты жаңалық — облыс орталығында «Мұз айдыны» спорт кешені ашылды. Соның нәтижесінде жергілікті ұландар қыс айларында айдын үстінде сырғанақ теуіп, оның қырсырына қанығатын болды.

Сыр топырағында талай таланттың кіндігі кесілді. Олар айтулы аламандарда атой са-

лып, тілеулес елдің мерейін өсірді. Кезінде белгілі велошабандоз Марат Сатыбалдиев тректен әлем біріншілігінде талай жампозды артта қалдырып, қазақ халқының абыройын асқақтатты. Бүгінгі күні Алматы қаласында тұратын саңлағымыз өзіне тәлім-тәрбие беріп, қияға жол салған Қызылордаға жиі ат басын бұрып тұрады. Сондай-ақ, оның атында жылма-жыл республикалық велобөйге өткізіліп тұрады.

Айта кетелік, үстіміздегі жылы қызылордалық спортшылар әлем және Азия чемпионаттарында 31 алтын, 26 күміс, 17 қола медальға ие болды. Осының нәтижесінде жастарымыз 74 медальды қоржынға салды. Ал ел біріншілігінде саңлақтарымыз 482 медаль алып қайтты. Оның ішінде 155-і алтын, 126-ы күміс, 201-і қола саналады. Тағы бір қуаныштысы, биылғы жылдың бедерінде Сыр өңірінде 2 Қазақстан Республикасы еңбек сіңірген, 1 халықаралық дәрежедегі және 37 спорт шебері дайындалған. Сонымен қатар, 33 спорт шеберлігіне үміткер және 53 бірінші дәрежелі спортшылар өзірленді. Сондай-ақ, еліміздің ұлттық құрамаларына барлығы 257 жас мүшелікке қабылданды. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 40 адамға артық.

Облыс әкімі спорт саңлақтарына ерекше қолдау білдіріп жүргенін жұртшылық жақсы біледі. Бұл жастардың жігеріне жігер қосып, алға қарай жетелей түсетіні айдан анық. Мәселен, елімізге белгілі ауыр атлет Алмас Өтешов пен «Қайсардың» сұрмерген шабуылшысы Жасұлан Молдақараев аймақ басшысының қолынан жаңа пәтердің кілтін алды. Оны жастарға деген зор сенім, үлкен үміт деп санасақ та, артық емес.

Айтса айтқандай, Алмас ауыр атлетикадан Польшаның



Вроцлав қаласында өткен әлем чемпионатында күміс жүлдегер атанып, барша жұртты көл-көсір қуанышқа кенелтті. Оны биылғы жылғы жоғары жетістіктің бастысы ретінде атап өтуге әбден болады. Бүгінгі күнге дейін осындай толайым табысқа кенелген қазақтың қарадомалақ баласы болған жоқ.

Сондай-ақ, дзюдодан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қызылордалық өрен Бауыржан Жауынтаев алтыннан алқа тағып қайтты. Жалпы алғанда, бүгінгі күнге дейін жасөспірімдер қатарында мұндай биік белесті бағындырған балуан болған жоқ. Рас, ересектерде Максим Раков, жастардан Елдос Сметов әлем чемпионы атанды. Беделді бөсе-кенің төрінде тұрып, еліміздің Туын көкте желбіретті.

Жыл ішінде спорт саласында осындай жетістіктерге қол жетті. Мұндай толайым табыс алдағы уақытта да жалғасын таба береді деген үміттеміз.

Әділжан ҮМБЕТ.



**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**2013 жылғы 25 желтоқсан
№418**Қызылорда облысы
әкімдігінің кейбір
қаулыларының күші
жойылды деп тану
туралы**

«Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымша тізбесіне сәйкес Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Годуноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының
әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.**

Қызылорда облысы
әкімдігінің 2013 жылғы
«25» желтоқсан №418
қаулысына қосымша

**Қызылорда облысы
әкімдігінің күші
жойылған кейбір
қаулыларының тізбесі**

1. «Қызылорда облысының коммуналдық мүлкіті мүлкітік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 13 ақпандағы №321 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылы 13 наурызда 4296 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 20 наурыздағы №45 «Сыр бойы», 2012 жылғы 20 наурыздағы №43 «Қызылординские вести» газеттерінде жарияланған);

2. «Қызылорда облысының коммуналдық мүлкіті сенімгерлік басқаруға беру қағидасын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 13 ақпандағы №322 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылы 13 наурызда 4297 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 20 наурыздағы №45 «Сыр бойы», 2012 жылғы 20 наурыздағы № 43 «Қызылординские вести» газеттерінде жарияланған);

3. «Қызылорда облысының коммуналдық мүлкіті сенімгерлік басқаруға беру қағидасын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 13 ақпандағы №322 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2013 жылғы 12 қазандағы №315 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылы 29 қазанда 4529 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 2 қарашадағы №163-164 «Сыр бойы», 2013 жылғы 2 қарашадағы №163-164 «Қызылординские вести» газеттерінде жарияланған).

«ЖАНРОС» – «ПАРЫЗ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

Жылдағы дәстүрге сай Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында ҚР Президентінің «Алтын сапа» және «Парыз-2013» сыйлығының жеңімпаздарын марапаттауға арналған салтанатты жиын өтті. Үш жүзден астам кәсіпорынның өкілдері қатысқан конкурста қызылордалық «Жанрос Дрилинг» компаниясы «Ең жүздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» номинациясының иегері атанып, қола жүлдені жеңіп алды.

Дамудың нарықтық жолын тандаған ел егемендігінің елең-алаң шағында мұнай мен газ саласы экономикамыздың жетекші саласына айналды. Нақты кезеңде Қазақстанның мұнайы экономикалық өсімнің локомотивіне айналып отыр. Бүгінгі таңда ел дамуында шешуші рөл атқарып отырған жетекші салаға қызмет көрсетуші компаниялар да аз емес. Солардың бірі — «Жанрос Дрилинг» ЖШС.

«Жанрос» фирмасы қазақстандықтар нарықтық қатынасқа көше бастаған 90-жылдардың басында құрылды. Бәсекелестік жағдайында кез келген істің көзін тапқан жан ғана өз кәсібін өрге домалата алады. Алексей Мылтыкбаевтың да кәсіпкерлік

саласындағы жобалары сәтті болды. Оның басқаруындағы серіктестік өңірдегі ірі мұнай компаниясынан алғашқы тапсырысты 90 жылдардың соңында алған-ды. Осылайша, мұнай нарығына батыл енген компания кейінгі жылдар ішінде Құмкөлдегі көптеген кеніштерді игеруге, сондай-ақ Маңғыстау, Атырау облыстары мен Тараз, Алақөл, Өскемен қалаларында маңызды жобаларды жүзеге асыруға атсалысып, нәтижесінде еліміздегі осы саладағы жетекші компаниялардың біріне айналды. Енді, міне, компания басшылығына дәстүрлі «Парыз-2013» конкурсының беделді номинацияларының бірі беріліп отыр.

Компанияның өркендеп, жоғары жетістікке жетуінің сыры

неде? «Бұл бірлігі берік ұжымдағы майталман мамандардың үздіксіз ізденісі мен толассыз еңбегінің арқасы», - дейді А.Мылтыкбаев.

Кәсіпорын еліміз бен өз аймағымыздағы мұнай-газ өндіруші ірі компаниялармен бірлесіп бірқатар маңызды жобаларды табысты жүзеге асыруда. «Жанрос Дрилинг» ЖШС негізінен мұнай және газ кеніштерінде бұрғылау жұмыстарын атқару, яғни кеніштерді игеру ісімен айналысатынын жоғарыда атап өттік. Сонымен бірге мұндағы кәсіби мамандар мұнай скважиналарына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оларға толыққанды сервистік қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, компанияның білікті мамандары мұнай-газ скважиналарына жерасты жөндеу, компрессорлау, қышқылмен өңдеу және гидродинамикалық зерттеу және сынақ жұмыстарын да сапалы атқарады. Бұған қоса, кеніш басында қалашықтар, шаруашылық нысандары мен жолдар салу және мұнай тасымалдауды терен меңгерген.

Қазіргі таңда ел экономикасының қарыштап өсуімен бірге «Жанрос Дрилинг» компаниясы да даму, өсу үстінде деп нық айтуға болады.

А.Мылтыкбаев компанияны басқару ісіне еуропалық үлгіні енгізген облысымыздағы іскер басшылардың бірі. Мұнда серіктестік тізгіні тәжірибелі мамандардың қолында. Бұл компанияда өз ісінің майталман шеберлері, тәжірибелі мамандар еңбек етеді. Мысалы, экономика ғылымдарының докторы Елена Махницкая — осы компанияның қаржы директоры және жаңа жобаларды қаржыландыру ісінің ұйымдастырушы-үйлестірушісі, тәжірибелі маман Төнірқұл Құлбаев — компанияның бұрғылау жұмыстары жөніндегі директоры, ал Мырзабай Бисекеев күрделі өндіріс және мұнай скважиналарын жерасты жөндеу жұмыстары жөніндегі директор.

Серіктестік уақыт көші ілгері

озған сайын мұнай скважиналары бұрғылау ісімен шектелмей, жаңа жұмыс және оған көрсетілетін сервистік қызмет түрлерінің қатарын да арттырып келеді. Мұнда үздік бұрғылаушы бригадасындағы жұмысшыларды АҚШ, Еуропа және Ресей елдерінен шақырылған майталман мамандар арнайы оқу курстарынан өткізіп тұрады. Осылайша, қызметкерлер мен жұмысшылардың жаңа, озық технологияны игеруіне ерекше мән беріледі. Нақты кезеңде компанияның өндірістік базасы мен түрлі кеніштерде жүзеге асырылып жатқан жобалар бойынша 1100 адам еңбек етеуде.

Айта кетейік, осы жылдар ішінде компанияның бұрғылаушы мамандары әрқайсысының тереңдігі 1 мың метрден 4 мың метрге дейінгі аралықтағы 256 мұнай скважинасын қазыпты. Мамандардың айтуынша, алдағы уақытта тереңдігі 7 мың метр болатын скважиналар қазу ісі қолға алынады.

Бірлігі берік ұжымды соңғы 20 жылдан бері басқарып келе жатқан Алексей Мылтыкбаев іскерлік әлеміне кеңінен танылған тәжірибелі басшы ғана емес, сонымен бірге қамқор әке, асыл жар.

Компания қайырымдылық шараларынан да тыс қалған емес. мектептер мен интернаттар, сәбилер және қарттар үйіне үнемі қолдау көрсетіп отырады. Сонымен қатар, серіктестік мұнай кәсіпшілігінде қоршаған орта мен өндіріс қауіпсіздігін сақтау ісіне ерекше мән береді.

«Парыз-2013» конкурсының қола медалі, яғни «Ең үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» номинациясы осы саладағы толассыз еңбектің жемісі. Біз өңірдің өркендеуіне үлес қосып жүрген компанияның жетістігіне бөрекелде дей отырып, Сыр жұртшылығына қуаныш хабарды жеткізуге асықтық.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

Суретті түсірген

Игорь ТИТЕНОК.

**Облыстық телекоммуникация дирекциясы
жылды қорытындылады**

Бейсенбі күні баспасөз орталығында облыстық телекоммуникация дирекциясы жылды қорытындылады. Шараға облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев, «НұрОтан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Өлмесхан Болатбеков қатысты.

Аймақ тұрғындарын сапалы байланыспен қамтамасыз ететін КОТД телекоммуникация желісінде бүгінде 108 АТС, оның ішінде 99-ы ауылдық жерде орналасқан, 41 МСАД, СДМА-450 42 базалық станция, СДМА-800 5 базалық станция жұмыс жасауда. Қазіргі уақытта облыстық телекоммуникация желілерінің тіркелген сыйымдылығы 135277 нөмірлерді құраса, желінің берілу сыйымдылығы 49355 порт болып отыр. Бұлардың ішінде желілік байланыста бары 114069 бірлікке жеткен. Яғни, жоспар 94 пайызға орындалған. Өңір тұрғындарының интернет желісіне қосылуға деген қызығушылықтары да жылдан-жылға артып келеді. Әсіресе, кең жолақты қызметті қолданушылар 37317-ге жетсе, жылдық абоненттер саны 5712 пайызға өскен. Ал, ауылдық аймақтарда 15098 абонент осы кең жолақты қызметті пайдалануда. «Жұмыс жоғары деңгейде орындалуда. Ең бастысы, шығынның өсу қарқыны табыстың қарқынынан асып кеткен жоқ. Әкімшілік шығын 97 пайызды құрап отыр», - деді облыстық телекоммуникация дирекциясының бас директоры Сәдібек Балтабайұлы.

Желілерді жаңғырту жобасы аясында да бірқатар жұмыстар атқарылған. Оның ішінде Қызылорда қаласы мен ауылды жерлерде орналасқан пункттерде ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру облыстық телекоммуникация дирекциясының басты назарында тұр. Осыған орай, қазіргі кезде барлық аймақтар бойынша аудан орталықтарында талшықты оптикалық желі құрылыстары

қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар, биылғы жылы жаңғырту жобалары шеңберінде, Қазалы ауданында жалпы ұзындығы 30 шақырым болатын 4 ТОВЖ, Шиелі және Сырдария аудандарында 3 АМС салынса, 7638 порттың ДСЛАМ сыйымдылығы кеңейтілген. Жалпы аймағымызда 47 елді мекен талшықты оптикалық желі байланысымен қамтамасыз етілген.

Қызылорда ОТД мемлекеттік жобаларды жүзеге асыруда да жоғары деңгейде қызмет атқаруда. Мәселен, 2008 жылдан бері «Восток-телеком» ЖШС бірге атқарылып келе жатқан «CDMA технологиясын қолданумен ауылдық аймақтарда байланыс телекоммуникация желісін жаңғырту және дамыту» жобасы шеңберінде WLL CDMA-450 42 базалық станция, CDMA-800 5 базалық станция аудандарда орнатылған. Сонымен бірге, ауылды жерлерде интернет желісі бойынша кең жолақты қатынау қызметін дамыту үшін CDMA-450 сымсыз желісіне EVDO технологиясын да енгізген. Аталмыш сымсыз желімен бүгінде 140 ауылдық пункт қамтылуда. Осының нәтижесінде 100 отбасы ҚЖҚ-ға қол жеткізіп отыр. Ал, «Қызылорда қаласында ФТТН құрылыс желісі 3-кезең» бағдарламасы аясында қалаға 5450 порт енгізілген. Бұл желінің жалпы құрастырылым сыйымдылығы 11000 портты құрайды. Талшықты оптикалық желілермен 351 көп қабатты тұрғын үйлер қамтылған. Бұл дегеніміз, желілік байланысты пайдалануда халықтың сұранысының біршама орындалғандығын білдірсе керек. Сонымен бірге, iD Net абоненттері санының 4920 жетіп, жоспардың 100 пайызға орындалуы да КОТД жұмысында алға ілгерілеушілік пен нәтижелі тірліктің бар екенін көрсетеді. Сала жұмысы мұнымен тоқтап қалмақ емес, 2015 жылға дейін облыс орталығындағы барлық көп қабатты секторларға iD Net қызметі қолжетімді болады деп жос-

парлануда. Сондай-ақ, ФТТН технологиясы бойынша телекоммуникация қызметін ұсыну да жалғасын табуда. Жалпы облыстың телекоммуникация желісінің қарқынды дамуы мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына зор мүмкіндік туғызып отыр. Жүйелі орындалып жатқан бағдарламалардың бірі «Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру» болып табылады. Бұл тұрғыда жоғары жылдамдықты интернетке облыс бойынша 245 мектеп қосылған. Ал, электронды білім беру жүйесінің жобасы негізінде 4-10 Мбит/с жылдамдықпен 52 білім ошағы қосылған. Келесі жылы 65 мектепті қосу жобаланған.

«Біздің негізгі мақсатымыз халыққа сапалы қызмет көрсету. Мекеме бұл тұрғыда үлкен шыға білді деп ойлаймын. Себебі, негізгі бағдарлама мен жобаларды өз деңгейінде атқарып келеміз. Сондай жобаның бірі альтернативті коректендіру көздерін қолдану болса, аталмыш жобаны біздің филиал сәтті орындады. Өйткені, 2008 жылдан бері электрофикация жүргізілмеген ауылдарда және түйіндік станцияларда күн мен желді қолдануға мүмкіндік беретін роторлық түрдегі жел энергетикалық кешені орнатылып, пайдалануға берілді. Бұл кешен жыл сайын шалғай ауылдарға ЖЖМ жеткізуде 4 млн. теңгеге дейін үнемдеуге мүмкіндік беруде», - деген облыстық телекоммуникация дирекциясының бас директоры С.Балтабайұлы осылайша, жыл бойы атқарған жұмыстарын толығымен баяндап, қорытты. Мұнан соң баспасөзге жиналған БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді. Осылайша, сала бастысы жиында қатысқан облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаев пен «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ө.Болатбековтің тарапынан оң бағаға ие болды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Елімізде адам өміріне қауіп төндіретін жол-көлік оқиғаларының жиі орын алатыны және осындай оқиға санының артып отырғаны жанға батады. Әсіресе республикалық маңызы бар жолдарда жол апаттары тыйылар емес. Мұндай қайғылы жағдайларда зардап шеккендерге көрсетілетін алғашқы медициналық көмектің маңыздылығы аса зор.

ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ЖӘРДЕМ БЕРЕТІН ТІРЕКТЕР

● АЙ ЖҰР, АМАН ЖҰР

Осыған орай республика төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты «Апаттар медицинасы орталығы» мемлекеттік мекемесінің облыс бойынша филиалы Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында айтылған тапсырмасына және денсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2013 жылы Қызылорда облысында 2 күре жолдық медициналық бекет қолданысқа берілді.

Оның бірі «Самара-Шымкент» автожолы бойынан, Шиелі ауданының «Байгекұм» елді мекені тұсынан орын алды (байланыс телефоны 8-(724-32)50-0-41). Ол бір рет жол-көлік оқиғасына шығып, 1 зардап шеккен кісіге көмек көрсетіп, оны қалалық ауруханаға жеткізді.

Сондай-ақ, Қармақшы ауданының, «Байқоңыр-Қызылорда» автожолы бойында орналасқан «Иіркөл» елді мекені тұсындағы күре жолдық медициналық құтқару бекеті де өз жұмысын бастады (байланыс телефоны 8-(724-37)4-07-57).

Бұл игі қадам жолдардағы жаракаттар мен өлім-жітімді азайту, жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету мақсатын көздейді.

Қараша айында өткен «Қыс-2013» республикалық командалық штабтық оқу жаттығу кезінде күре жолдық медициналық құтқару бекетіне 2 реанимобиль берілген еді. Барлық медициналық жабдықтары сай реанимобильдер зардап шеккен науқастарға көмек көрсетуге өте қолайлы.

Бұл бекеттерге 20 қызметкер алынып, барлық құжаттары жинақталып, психологиялық тесттен өтті. Қызылорда оқу клиникалық орталығында дәрігерлер мен фельдшерлер біліктілігін кеңейту мақсатында дәріс алып, апаттар медицинасы мамандығы бойынша сертификат иеленді. Құтқарушылар және жүргізуші-құтқарушылар «Оңтүстік өңірлік аэромобильді жедел-құтқару жасағы» мекемесімен тәжірибе алмасты.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Денсаулық сақтау, Көлік және коммуникация, Ішкі істер министрліктерімен «Күре жолдық медициналық құтқару пунктін жауапты аймағында жол-көлік оқиғалары кезінде өзара іс-қимыл тәртібі туралы» 4 жақты бұйрығы әзірленіп бекітілді. Онда күре жолдық пункттердің жол-көлік оқиғалары кезінде жол полициясы бөлімшелері, жол-пайдалану пункттерінің кезекші қызметтері мен медициналық ұйымдармен өзара іс-қимылы және хабарласу кестесі белгіленді.

Пункттің жалпы ауданы жүз қырық төрт шаршы метр. Әр күре жолдық медициналық құтқару пункттері қажетті медициналық жабдық, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар бар амбулаториялық медициналық модульден, реанимобильдерді орналастыруға және байланыс торабы, диспетчерлік бекет пен тұрмыстық аймақ кіретін медициналық құтқару қызметтік модульін жайғастыруға арналған гараждан тұрады. Сонымен қатар, тікұшаққа арналған алаң қарастырылып жатыр. Әр пунктте тікелей байланыс телефоны жұмыс істейді.

Күре жолдық пункттердің тиімді жұмыс жасауы үшін 5 адам — дәрігер, фельдшер, фельдшер-диспетчер және құтқарушы, жүргізуші-құтқарушыдан тұратын қызметкерлердің онтайлы құрамынан құрылған. Бекеттер 15 күндік 2 кезенді ауысыммен жұмыс жасайды.

Медициналық құтқару пунктін шұғыл әрекет ету бригадасына қызмет ету аясынан 50 шақырым аумақтағы учаске бекітілгеніне қарамастан, кей кездері ұзақ қашықтықтарға да шұғыл көмек көрсетулерге шығады. Олардың қызметі тек жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге ғана емес, сондай-ақ шұғыл көмекті қажет еткен кез келген адамға да көмек көрсету болып табылады.

Елімізде өткен жылдан бастап республикамыздың күре жолдарының айтарлықтай қауіпті аймақтарында осындай медициналық құтқару пункттері жұмыс істей бастады. Бүгінде олардың маңыздылығы күннен-күнге арта түсуде. Медициналық пункттердің мақсаты да белгілі. Бұл жайында «Апаттар медицинасы орталығының» жетекшісі Әсия Сүлейменова: «Бұл адам өмірін ажал аузынан алып қалуға бағытталған әлеуметтік маңызды жоба, Яғни, медициналық көмекті алғашқы сағатта көрсету, «алтын уақыт» үрдісін сақтай отырып, зардап шеккенді құтқара алатын жақсы мүмкіндікке қол жеткізу» — дейді.

Қорыта айтар болсақ, күре жолдық медициналық құтқару пункттері ел игілігі үшін қызмет атқаруда және болашақта да солай болмақ. Осылайша, Елбасы Н.Назарбаевтың әлеуметтік маңызды жобасы ойдағыдай іске асырылып, өміршеңдігі арта түспек.

Айгүл САЛҚЫНБАЕВА,
ҚР ТЖМ «Апаттар медицинасы
орталығы» ММ облыстық филиалының дәрігері.

ЖЫРСҮЙЕР ЕЛІҢНІҢ ЖҮРЕГІНДЕСІҢ...

Қазақ ұлттық жыр өнерінің тағы бір жарық жұлдызы ағып түсті. Жампоз жыршы, ҚР Мәдениет саласының үздігі Сыр елінің санлақ перзентінің бірі Рысбек Әшімов дүниеден озды.

Ол 1955 жылы киелі Арал топырағында дүниеге келді. Қолына 5 жасында домбыра ұстап, нағашылары белгілі шаһиырлар — Дәріғұл, Жанабергеннен, аталас Жаппарберді, Үмбетәлі жыраулардан және бөлесі Нұртуған ақынның жыршылығы, шешендігі дарыған тума талант, бар ғұмырын өнерге сарп еткен жырдың «қара жорғасы» терменің пүлішкөгі, халқының Рысбегі еді.

Ол ұлттық жыршылық дәстүрді еліне ғана емес, алыс-жақын шетелдерге, Мәскеу, Санкт-Петербург, Киев, Саха елдеріне паш етіп, түрлі халықаралық фестиваль, конкурстардан жұлмен оралып, оның ойнақы, толқынды макам-саздарымен орындалған жыр-дастан, киссалары жазылған «алтын лазерлік дискісі» шыққан, ЮНЕСКО-ның «Алтын» медалінің иегері атанған жырсүйер қауымның жүрегін жаулап алған абыздай болған болмысы ерен ел сүйіктісіне айналды.

Күйкі тірлікке бас ұрмаған, жырды жанына серік еткен, өнер бәйгесінде небір өрен жүйріктерге дес бермеген, тұяғы тозбай кеткен тарланбоз сырқатына қарамастан, соңғы рет өшпес жарқын дауысын жақында ғана баспадан шыққан «Шаһнама» музыкалық антологиясына қалдырып кетті.

Қайталанбас талант иесінің қоңыр сазы жырсүйер қауымның жүрек түкпірінде ұзақ уақыт сақталады.

А.Әлназарова, Е.Абдрахманов, А.Алматов,
М.Тұрсанов, З.Ибадуллаев, О.Нұрмаханов,
Ж.Аққұлов, М.Орынбаева, Қ.Зәкіров,
Ә.Рахымбекұлы, С.Жұбатырұлы,
Х.Әмір-Темір, Б.Рүстембеков,
Р.Тайманов, Е.Жанабергенова,
Е.Әбдіхалықова, А.Жұматаев,
Ш.Әбдікәрімов, Ж.Қарабала, А.Оңғарбаев.



ӨНЕРДІҢ ӨРЕН ЖОРҒАСЫ

Астанада атакты жырау Алмас Алматов үйге телефон шалды. Көңілі қаралы, жаны жаралы екен. Үні бұзылып, дауысы дірілдеп аралдық ақтангер жыршы Рысбек Әшімовтің өмірден озғанын естіртті. Мен ойланып отырып қалдым.

Рысбекті біраздан бері білемін. Еменжарқын етене араласып кетпесек те, өзін де, өнерін де құрмет тұтатын адамның бірімін. Исі Арал өңірінің орындаушылық дәстүрі кім-кімді де бей-жай қалдырмайды. Әрісін айтпағанда, беріден жыршы Әбілхан Махановтың шәкірттері Сұраған Мырзаев, Рысбек Әшімов, Бекұзақ Төнірбергендердің орындаған жырларға құлағымыз қаныққан. Өкініштісі сол, бұл күнде үшеуі де арамызда жоқ. Шіркін, өнерін бірінен-бірі озырған орындаушылар еді олар. Шіркін, өнерін бірінен-бірі озырған орындаушылар еді олар. Өзі де ажарлы, сүйкімді, жыр толғағанда одан да бетер ажарланып, айдынданып кететін. Сұраған қандай еді! Ал, Бекұзақ болса екі өнердің тізгінін тең ұстады. Ақындар айтысында арқаланып, табан астынан тауып айтып, қарсыласын қапы қалдырғанына талай рет куә болдық. Жыршылығы, орындаушылығы да соған сай болатын. Бұл екі өнерпаз ілгеріректе өмірден өтті, бірақ күні бүгінгідей әліге дейін жүздері көз алдымызда, үндері құлағымызда. Енді бүгіндері Рысбектен айрылып отырмыз. Ол ұлтымыздың ұлағатты өнерін өйгілеген өрелі өнерпаз. Рысбек Алмас жырауға еріп алыс-жақын бірнеше шет елдерде болып, Арал өңірінің орындаушылық дәстүрін паш еткен жыршы. Ол бабына келген кезде бір орында отыра алмай қозғалақтап, дауысы да, денесі де зорайып кеткендей көрінетін. Не айта беретіні бар, Рысбек шабытты жыршы еді ғой. Қатар-құрбысы оны жауһар жырдың қара жорғасы деп кастерлейтін. Сол жорға жыршыдан қапыда айырылып қалдық. Айтып келген аялға кім ара тұрған. Ендігісі марқұмның отбасына, ұрпағына, туған-туыскандарына жұбату айту, қаза қайырлы болсын деу ғана. Қолдан келері де осы. Ал өнері, жыршылығы, кейінгілерге жұғысты болсын. Қорытындыда айтарымыз:

Жаралы жүрек,
Толғашы енді,
Толғашы!..
Өмірден өтті жаракты жырдың жолдасы.
Аруақтар жебеп,
Қабірстанда қолдасы...
Бақұл бол енді, өнердің өрен жорғасы.

Әскербек РАХЫМБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

АДАЛ БОП КЕЛІП ӨМІРГЕ, АДАМ БОП КЕТТІҢ МӘҢГІГЕ

Сыр топырағы тағы бір текті перзентінен көз жазды. Сүлейлердің сарқыты, арқалы жырау, өнер насихатшысы Рысбек Әшімов өмірден өтті. Енді баспасөз беттерінде осындай сөздер бедерленеді. Неткен ауыр сөз. Сананы сансыратып, тілің жаңылатын осы сөзді бүгін естимін деп ойлап па ем!

Ол өрнегі бөлек өзгеше жырау болатын. Ғибратты сөздердің алтын сандығы еді ағам.

Жыраулық-жыршылық жайында сөз қозғалғанда: «Жыраулық өнер — ешқашан жоғалмайтын, таза халықтық өнер. Оның басқа өнерден ерекшелігі — тектілігі мен бекзадалығы. Терметолғаулар мен дастандарды әдемі де әсерлі етіп орындау, олардағы терең мағыналы сөздерді тыңдармандарға таза күйінде жеткізу үшін, айтушы адамның өзінің де сол сөздер мен мақамдарды бойына сіңіре алатындай жан болғаны абзал» дейтін Рысбек жыршы.

Қадірлі аға, сіз менің ақ жарқын, ақ көңіл кіршіксіз адал ұстазым едініз. Қайтейін ортамыздан сұм ажал ерте алып кетті. Сол бір 1979-1980-жылдары мектептегі мұғалім Алданыш ағайдың Аралдағы Мәдениет үйіне ертіп апарғаны әлі көз алдымда. Сонда алдымыздан шыққан аяулы жан Рекең еді. Алғаш көргенде жаппас талдырмаш келген қараторы жігіт екен. Өзі домаланып әңгімені де жылдам сөйлеп айтады, домбырасын қолына

алып жырлай жөнелгенде дауысы ашық, тынысы ұзақ әрі кең әдемі сазды естіледі. Алғаш тыңдауым ғой, ауызым ашылып жырға деген махаббатым одан сайын ашылды. Мен ол кезде мектеп қабырғасында 3-сыныпта оқимын. Домбырамды сүйретіп жыр үйренгім келіп барсам, үнемі асығып жүретін. Мені көргенде «тағы келдің бе, басым бөлеге қалды-ау мына Манас пен Қантайдың қызынан» дейтін риясыз қалжыңмен. Бір күні анам «Рысбек айналайын, Эльмира қарындасына жырынды үйрет, үйдегі Айшолпан атты кішкентай қарындасынның тұсауын кес, екеуінің ағасы бол, қарағым» деді. Сол күннен бастап Рысбек жыршы менің ұстазым атанды. Сіңілім Айшолпанның тұсауын кесіп, аузына түкірді. Сол Айшолпан бүгінде ҚР Қазақ драма театрының әйгілі актриса әншісі ретінде көпке танылды. Жарықтық Рекеңнің шапағаты тиді.

Астанаға көшіп келіп, 2003 жылы жеке жыр кешімді берген кезімде елден шақырған әкім-қаралар келмек түгілі құттықтауын да жібермеді. Сонда туған жерімнің атынан келіп жыртысымды жыртып, тілегімді тілеген осы Рысбек ағам мен Әбдісаттар ағам еді. Бірде елге, «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының шақыруымен барған концерттік сапарымда қасымда ақылын айтып дем берген анам Қантай мен тағы да Рысбек ағам болды. Осы жолы сол кездегі облыс әкімінің келісімімен

концерт мерзімі ұзартылып, туған жерім Аралдан бастап, біраз ауданды араладық. Аяғына дейін Рекеңнің қасымда болып түнімен жырлаған сәттерін көрдім. Соншалықты кең еді. Міне, енді отбасымызбен қайғыға ортақ болып отырмыз. Осыдан біраз бұрын жеңгеймен сөйлескенімізде ағайдың қатты науқастанғанын естіп бір хат дайындап жатқан едік. Көзінің тірісінде өз атына сай бірде-бір сый құрметке ие болмаған Рекеңді ел ағалары бағалап бір атак алып берсе және мүмкіндігінше емдетсек деп жүргенде... Өкінішке орай ол хат ел ағаларына жетпей қалды. Өнер адамына үлкен байлық керек емес, әрине, халықтың қошеметінен басқа. Мұсабай жырау «Мен жырауым, жырауым, Қамысқа түскен қырауым. Ақша берсең, алмаймын, Жанқалтама салмаймын» деп жырласа, ақын Нұртуған «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген еді.

...Жан аға, кіршіксіз таза қалпыңызда ешкімді ренжітпей келіп, ренжітпей кеттіңіз-ау бұл өмірден. Келген сайын төрімде анқылдап әңгімесін айтатын ардақты аға қайда енді?! Аға, бақұл бол, қайтейін. Адал боп келіп өмірге, адам боп кеттің мәңгіге... Алдыңыз жарық болсын!

Елмұра ЖАҢАБЕРГЕНОВА.
Республикаға еңбегі сіңген
мәдениет қайраткері.

2012-2013 жылдар аралығындағы Қызылорда облысы әділет департаментінде тіркелген жергілікті өкілді және атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілерінің ТІЗІЛІМІ			
	НҚА шыққан күні және нөмірі	Нормативтік құқықтық актілерін атауы	Тіркеу нөмірі және күні
1	Қармақшы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 08 мамырдағы №91 шешімі.	«Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек көрсету туралы»	2013 жылы 22 мамырда №4453
2	Сырдария аудандық мәслихатының 2013 жылғы 15 мамырдағы №125 шешімі	2013 жылғы 15 мамырдағы №125 «2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №96 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 23 мамырдағы №4454
3	Жаңақорған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 мамырдағы №124 шешімі	«2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 19 желтоқсандағы №101 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 24 мамырдағы №4455
4	Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 мамырдағы №173 шешімі	«Шиелі ауданының 2013-2015 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы» аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 желтоқсандағы №11/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 24 мамырдағы №4456
5	Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 22 мамырдағы №17/1 шешімі	«2013-2015 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №12/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 24 мамырдағы №4457
6	Жалағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 08 мамырдағы №19-3 шешімі	«2013-2015 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы» Жалағаш аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №14-2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	2013 жылы 28 мамырдағы №4458
7	Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 02 мамырдағы №97 шешімі	«Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы»	2013 жылы 29 мамырдағы №4459
8	Жаңақорған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 мамырдағы №124 шешімі	2013 жылғы 16 мамырдағы №125 «2013 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы»	2013 жылы 05 маусымдағы №4460
9	Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 мамырдағы №17/6 шешімі	«2013 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы»	2013 жылы 05 маусымдағы №4461
10	Қазалы аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 20 мамырдағы №119 қаулысы	«2013 жылға арналған Қазалы ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы»	2013 жылғы 10 маусымдағы №4462
11	Сырдария аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 мамырдағы №142 шешімі	«2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 20 желтоқсандағы 12 сессиясының №96 шешіміне өзгерістер енгізу туралы	2013 жылғы 19 маусымдағы №4463
12	Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 22 мамырдағы №17/2 шешімі	«Түрліше қатты қалдықтарды әкету тарифін белгілеу туралы»	2013 жылғы 20 маусымдағы №4464
13	Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №121 қаулысы	«Қазалы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы»	2013 жылғы 21 маусымдағы №4465
14	Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы №144 қаулысы	«Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы»	2013 жылғы 24 маусымдағы №4466
15	Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 маусымдағы №140 қаулысы	«Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы»	2013 жылғы 25 маусымдағы №4467
16	Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 20 маусымдағы №166 қаулысы	«2013-2014 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы»	2013 жылғы 27 маусымдағы №4468
17	Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 маусымдағы №18/2 шешімі	«Қызылорда қаласы бойынша бұрынғай тіркелген салық ставкалары туралы»	2013 жылы 01 шілде №4469
18	Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 07 маусымдағы №157 қаулысы	«2013 жылға арналған Шиелі ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы»	2013 жылы 01 шілде №4470
19	Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 маусымдағы №146 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 20 желтоқсандағы кезекті ХІІ сессиясының №96 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 05 шілде №4471
20	Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы №135 шешімі.	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 19 желтоқсандағы №101 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 10 шілде №4472
21	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы №394 қаулысы.	«Коммуналық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 15 шілде №4473
22	Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі №109 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №61 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	2013 жылы 16 шілде №4474
23	Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 шілдедегі №4 қаулысы.	«2013 жылға арналған Қармақшы ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы»	2013 жылы 19 шілде №4475
24	Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі №19/1 шешімі.	"2013-2015 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №12/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 23 шілде №4476
25	Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 09 шілдедегі №285 қаулысы.	«2013 жылға арналған Сырдария ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы»	2013 жылғы 24 шілде №4477
26	Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 шілдедегі №110 шешімі.	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Арал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы №65 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	2013 жылы 26 шілде №4478
27	Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 01 шілдедегі №173 қаулысы.	«2013 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы»	2013 жылы 29 шілде №4479
28	Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 22 шілдедегі №20/2 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы №11/2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы	2013 жылы 31 шілде №4480
29	Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 шілдедегі №109 шешімі.	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы кезекті ІІ-сессиясының №73 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	2013 жылы 02 тамыз №4481
30	Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 09 шілдедегі №5 шешімі.	«Шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы»	2013 жылы 02 тамыз №4482
31	Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі №122 шешімі.	«Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлеммақысының ставкаларын бекіту туралы»	2013 жылы 07 тамыз №4483
32	Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 шілдедегі №221 қаулысы	"Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Шиелі ауданы әкімдігінің 27 қараша 2012 жылғы №2153 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы»	2013 жылы 07 тамыз №4484
33	Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 01 тамыздағы №215 қаулысы.	"2013 жылға өсімдік шаруашылығы өнімінің шығамдылығы мен сапасын арттыруға облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 13 мамырдағы №118 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 07 тамыз №4485
34	Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 шілдедегі №145 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы №101 шешіміне өзгеріс енгізу туралы	2013 жылы 08 тамыз №4486
35	Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 18 шілдедегі №22-2 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №14-2 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы	2013 жылы 09 тамыз №4487
36	Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі №121 шешімі.	«Қызылорда облысының елді мекендерінде итер мен мысықтарды күтіп-құтау қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 13 тамыз №4488
37	Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 12 шілдедегі №8 қаулысы	«Қармақшы ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы»	2013 жылы 13 тамыз №4489
38	Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі №19/2 шешімі.	«Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы»	2013 жылы 13 тамыз №4490
39	Қызылорда облысы Жаңағаш ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 шілдедегі №213 қаулысы	«2013 жылға арналған Жалағаш ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы» .	2013 жылы 13 тамыз №4491
40	Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 шілдедегі №156 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 96 шешіміне өзгеріс енгізу туралы»	2013 жылы 13 тамыз №4492
41	Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 10 шілдедегі №188 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі №112 шешімі.	«Кейбір Қызылорда облысы әкімдігінің қаулылары мен Қызылорда облыстық мәслихатының шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 13 тамыз №4493
42	Қызылорда қаласы мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі №19/5 шешімі және Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 16 шілдедегі №589 қаулысы.	«Кейбір Қызылорда қаласы әкімдігінің қаулылары мен Қызылорда қалалық мәслихатының шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 13 тамыз №4494
43	Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 13 шілдедегі №125 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы №68 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы	2013 жылы 13 тамыз №4495
44	Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі №118 шешімі.	«Қызылорда облысы елді мекендерінің аумақтарын көріктендіру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау Қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 15 тамыз №4496
45	Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 25 шілдедегі №20/3 шешімі.	«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 15 тамыз №4497
46	Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 шілдедегі №157 шешімі	«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 16 тамыз №4498
47	Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 22 шілдедегі №20/4 шешімі	«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 16 тамыз №4499
48	Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 шілдедегі №126 шешімі	«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 16 тамыз №4500
49	Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 шілдедегі №111 шешімі	«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы	2013 жылы 16 тамыз №4501
50	Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 21 тамыздағы №131 шешімі.	"2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №61 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	2013 жылы 27 тамыз №4502
51	Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 шілдедегі №112 шешімі	«Жосалы кенті бойынша жер учаскелері үшін салықтық төлеммақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін және жергілікті аймақтарға беру жобасын (схемасын) бекіту туралы» Қармақшы аудандық мәслихатының 2008 жылғы 6 қарашадағы №76 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 29 тамыз №4503
52	Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 28 тамыздағы №21/1 шешімі.	"2013-2015 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №12/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»	2013 жылы 3 қыркүйек №4504
53	Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 тамыздағы №119 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 19 желтоқсандағы кезекті ІІ-сессиясының №73 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	2013 жылы 3 қыркүйек №4505
54	Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы №114 шешімі	«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 4 қыркүйек №4506
55	Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 тамыздағы №154 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 19 желтоқсандағы №101 шешіміне өзгерістер енгізу туралы	2013 жылы 6 қыркүйек №4507
56	Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы №113 шешімі	«Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 02 мамырдағы №97 шешіміне өзгеріс енгізу туралы»	2013 жылы 6 қыркүйек №4508
57	Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 шілдедегі №189 қаулысы	"2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы»	2013 жылы 6 қыркүйек №4509
58	Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы №23-3 шешімі	«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы»	2013 жылы 9 қыркүйек №4510
59	Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы №150 шешімі	«Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы	2013 жылы 11 қыркүйек №4511
60	Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 тамыздағы №24-2 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №14-2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	2013 жылы 12 қыркүйек №4512
61	Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 06 қыркүйектегі №21/2 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы №11/2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы»	2013 жылы 12 қыркүйек №4513
62	Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 04 қыркүйектегі №134 шешімі	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы №68 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы	2013 жылы 13 қыркүйек №4514
63	Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңағала ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 22 тамыздағы №4 шешімі.	«Шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы»	2013 жылы 13 қыркүйек №4515
64	Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 03 қыркүйектегі №120 шешімі.	"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Арал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 65 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	2013 жылы 20 қыркүйек №4516
65	Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 21 тамыздағы №138 шешімі	«Жаңақорған ауданында орналасқан «Сығанақ (Сунаката) қалашығының» тарих және мәдениет ескерткішін қорғау аймақтарын және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекарасын бекіту туралы»	2013 жылы 25 тамыз №4517

Жуырда ҚР Бас прокуратурасы осыдан жеті жыл бұрын елді шулатқан оқиғаға байланысты ресми мәлімдеме жасады. Бұл Алматы қаласында Алтынбек Сәрсенбайұлының, Василий Журавлевтің және Бауыржан Байбосынның өлтірілуіне қатысты ақпарат еді. Кезінде осы қанқұйлы оқиғаға байланысты түрлі болжам айтылып, түрлі тұжырым жасалды.

ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫНАН ЖҰМБАҒЫ КӨП ОҚИҒА

Ішкі істер органдары тарапынан тергелу барысында осы қылмысқа қатысты Рустам Ибрагимов пен тағы 9 тұлға анықталған. Сол уақытта Ибрагимов Алтынбек Сәрсенбайұлын өлтіруге тапсырыс беруші ретінде кезінде ҚР Парламенті Сенатының аппарат жетекшісі лауазымын атқарып отырған Ержан Өтембаевтың атын айтты. Анықталған барлық тұлғалар 2006 жылы тамызда ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылса, ал Ибрагимов тікелей ұйымдастырушы және орындаушы ретінде өмір бойына бас бостандығын шектеуге ауыстырылған жазалаудың жоғарғы шарасына тартылды. Дегенмен, өткен жылы түзеу мекемесінде жазасын өтеудегі Ибрагимов жасалған

қылмыстың бұдан бұрын құқық қорғау және сот орындарына белгілі болмаған мән-жайлар хабарланған арызбен ҚР Жоғарғы Сотына жүгінді. Жалпы, бұл атышулы қылмыстық іс ретінде қандай да бір деректің дәл қазіргі уақытта маңызы зор. Өйткені қатыгезділігімен ғана емес, қоғамдық жаңғырық тудырған даулы, екіұдайылығымен де жұрттын қызу талқысына түскен қылмыстық оқиға әлі де елаузында. Осы оқиғаға қатысты жана мәліметтерді жариялаған Бас прокурордың орынбасары Андрей Кравченконың айтуынша, бұл іс ұзаққа созылған. Түптің түбінде шындықтың беті ашылып, әділ шешім табылатынына сенім білдірген ол шетелдік

өріптестерімен кешенді жұмыс жүргізіліп жатқанын хабарлады. Айта кету керек, бұл ақпарат сол 2006 жылы мәлімделген. Алайда Ибрагимов отбасы қауіпсіздігі үшін оны ресми түрде айтудан бас тартқан екен. Рустам Ибрагимовтың мәлімдемесін тексеру барысында АҚШ-тың Федералдық Тергеу бюросы бұл ақпаратты тиісті құжаттарды ұсына отырып растады. Осыған байланысты іс бойынша шығарылған үкімге ішінара қайта қарау қажеттігі туындады. Соның нәтижесінде 2013 жылдың 19 желтоқсанында ҚР Жоғарғы Соты Рустам Ибрагимовтің арызын қайта қарап, жинақталған жана материалдарды ескере отырып, Ержан Өтембаевқа қатысты бұдан бұрын қаулы етілген үкімді ішінара бұзды. Айтқандай, АҚШ және Қазақстан тергеушілерінің бұл оқиғаға байланысты ойлары бір жерден шығып отыр. Ол туралы брифингте АҚШ-тың Қазақстандағы уақытша сенімді өкілі Джон Ордвей мәлімдеді.

Ғаламтор материалдары бойынша дайындалды.

НЫСАНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс көлемінде ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты 202 нысан орналасқан. Ағымдағы жылы 11 нысанға тексеру жұмыстары жүргізілді, оның ішінде 96 жоспарлы және 15 жоспардан тыс өрт-техникалық тексеру жасалды. Тексеру барысында автоматты өрт дабыл қондырғыларының орнатылуына, жарамдылығына, электр желілерінің «Электрқондырғыларын орнату ережесі» талаптарына сәйкестігіне, ішкі және сыртқы өртке қарсы су жүйелеріне назар аударылды. Тексеру барысында алғашқы өрт сөндіру қондырғылары мен оның жарамдылығы ескерілді. Тексеру қорытындысы бойынша 88 тұлғаға 971 061 тенге айыппұл салынды. Сонымен қатар, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 6 нысанның жұмысын тоқтату мақсатында талап арыз жолданып, ол қанағаттандырылды.

С.СЫЗДЫҚ,
облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бөлім басшысы.



«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы бойынша Ақтөбеде 111 566,6 шаршы метр тұрғын үй салынды

«Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша Ақтөбеде 111 566,6 шаршы метр тұрғын үй салынды.

«Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасын жүзеге асыруда Ақтөбе облысы алдыңғы орындардың бірін иеленіп отыр.

2013ж. 24 желтоқсанда «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқарма Төрағасы Айбатыр Жұмағұлов Ақтөбе облысының Әкімі Архимед Мұхамбетовпен кездесті.

Кездесу кезінде олар, негізінен алғанда, «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасын жүзеге асыру барысын талқылады.

Бағдарлама бойынша жұмыс Ақтөбеде өткен жылдан бастап жүргізіле бастады. Осы уақыт ішінде Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің жергілікті филиалы 2 миллиард 307 миллион 96 мың теңгені мемлекеттік бюджетке қайтарды.

2012 жылы 319 ақтөбелік отбасы жаңа пәтерлерге қоныстанды. Биылғы жылы 607 пәтер пайдалануға беруге дайын, олардың 125-ін қазақстандықтар сатып алып та қойды.

«Ал жыл соңына дейін», - дейді Архимед Мұхамбетов, - «...біз қалған пәтерлерді мүмкіндігінше толығымен бөлуді жоспарлап отырмыз. Қазіргі уақытта тиісті құжаттарды дайындау жұмыстары жүргізілуде. Егер 2012 жылы үйлер қаланың ішінде салынса, 2013 жылы Ақтөбеде жаңа «Нұр-Ақтөбе» ықшамауданы пайда болды. Дегенмен, біз кейбір өңірлердегідей тұрғын үй бағасын көтермейміз».

Қазақстандықтар 2014 жылы алуы тиіс қолжетімді баспана, Архимед Мұхамбетовтің айтуына қарағанда, қазірдің өзінде салынып бітіп тұр. 2014 жылдың жазында ол үйлерді жайлыландыру жұмыстарын жүргізуге төндер жарияланады, сөйтіп, шамамен жыл соңына қарай ҚТҚЖБ 752 салымшысы пәтер кілттерін алатын болады.

«Ақтөбенің атқару органдары «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасына тиісті деңгейде қолдау көрсетіп отыр, - деді Айбатыр Жұмағұлов, - «үш жыл ішінде облыс әкімдігі Ақтөбе балалар үйіндегі жасөспірімдердің шоттарына 57 миллион теңге аударды, жыл соңына дейін ол шоттарға тағы 10 миллион түседі. Балалар үйінен шыққан кезде жасөспірімдердің біздің Банктегі шоттарында белгілі бір сомадағы тұрғын үй құрылыс жинақтары болады. Өздеріңіз түсініп отырғандай, жетім балалар үшін бұл – үлкен көмек».

Бұдан басқа, Әкімдік осында тұратын, ҚТҚЖБ салымшылары болып табылатын оралмандардың шоттарына да қазірдің өзінде 8 миллион теңге салды. Олардың саны облыста 88 адам. Жыл соңына дейін олардың әрқайсысының шотына тағы 10 000 теңге түсетін болады.

Кездесуде басшылар бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерін қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше көңіл бөлді. Айбатыр Жұмағұлов пен Архимед Мұхамбетов тұрғын үй құрылыс жинақтарының артықшылығына қатысты «бюджеттік сала қызметкерлерімен» ауқымды үгіт-насихат және түсініктеме жұмыстарын кеңінен жүргізу керек деген шешімге келді.

Мұнымен қатар, Айбатыр Жұмағұлов жергілікті атқару органдарына Қолжетімді тұрғын үй бағдарламасын аудан орталықтарында да жүзеге асыра бастау қажеттігін ұсынды. Сондай-ақ жергілікті ірі компанияларға үй салуға жер бөлу мүмкіндігін қарастыруды баса айтты. Өз кезегінде ондай компаниялар өз қызметкерлері үшін тұрғын үй құрылыс жүйесі арқылы тұрғын үй салуға мүмкіндік алар еді.

ҚТҚЖБ Баспасөз қызметі

● ШАРА

БАЛАЛАРҒА ЖАҢА ЖЫЛ СЫЙЫ

Елдігіміз бен егемендігіміздің болашақ тұтқасы бүгінгі жас ұрпақ еншісінде десек, баланың қуанышы үшін жасалған әрбір қамқорлық болашақтың жарқындығы үшін жасалған сәтті іс болмақ.



Алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесінде тұрмысы төмен отбасынан шыққан және балалар үйінде тәрбиеленуші бүлдіршіндерге Халық Банк ұжымының мейірім мен қамқорлық көрсету үрдісі 9 жылдан бері өз жалғасын тауып келеді.

Осы орайда «Қазақстан Халық Банкі» ұжымы шаттығы мол Жаңа жыл мерекесі қарсаңында мүмкіндігі шектеулі, қамқорлықты қажет ететін жетім балалар оқып, тәрбие алатын №1 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мектеп-интернатына және №7 арнайы түзету мектеп-интернатының балаларына жанажылдық сый-сияпаттар тарту етіп, әр балғынның жүрегіне жылу ұялатуды көздеген еді. Қай кезде де жетімін жылатпаған, жетім көрсе жебей жүруді мақсат тұтқан сенімді әрі тұрақты Халық Банкі 2013 Жылан жылын, табыс жылын осылай қорытындылады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалы барша отандастарға алдағы жыл өз табысымен, ырысымен төрімізге енсін, жеткіншектеріміз алаңсыз, мұңсыз балалық шақ кешсін деген ниетпен Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сексен жастың сенгіріне шықсам да қолыма қалам ұстап, тірі болғанда 90 жастың төріне шығатын немере ағам Сәдуақас Жаксыбайұлы жайлы жүрекжазбамды ақ қағаз бетіне түсіруге мәжбүр болып отырған жайым бар. Кезінде теңіздің ақ бас толқындарымен арпалысып, ел несібесі үшін еңбек еткен Сәдуақас ағам – текті әулеттің ұрпағы.

ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН ЖАН

«Текіден текті туар, ата жолын қуар» деп, атам қазақ бекер айтпаған ғой. 1923 жылы, яғни, сонау бір бұлыңғыр заманда Сәдуақас аға Арал ауданының Бөген ауылдық кеңесіне қарасты «Кентүбек» елді мекенінде өмір есігін ашады.

Заманында Аралдың ақ бас толқындары жарыса жүйткіп, теңіз жағасын ұрғылап жататын. Содан да біздер, теңіз толқынымен тербеліліп өстік. Жаға ұрғылаған толқын күмбірі құлақ құрышымызды қандырушы еді-ау. Содан болар Сәкен бөлін бұмай жатып, яғни, бала кезден балық аулауды кәсіп етсе, ел несібесіне қосқан қомақты үлесін бүгінде көзі көргендер «жыр» ғып айтудан жүр.

1931 жылы елді мекендегі орта-лау мектептен бары-жоғы 7 жылдық дәріс алған Сәкен әрі қарай білім жетілдіруді мұрат тұтады. Өттеген-ай, түп-тура сол жылы әкесімен мәңгілікке қоштасып, әулеттің қара шаңырағын шайқалтпай ұстау тауқыметі бойы өсіп, бұғанасы бекімеген Сәдуақастың басына түседі.

Біздің әкемізбен бірге туған апамыздың күйеуі Тәжібек Ізмағанбетұлы сонау қуғын-сүргін жылдары, яғни 1937 жылы халық жауы атанып, қолына құрық салынады. Жоғары білім алуды арман еткен Сәкен осы жағдай қолбайлау жасап, жастайынан еңбекке арала-

сады. Айтқандай, Сәдуақас ағамызбен кезінде парталас болған Көбейсін Исаев, Жәлеш Жұмаметов, Менділла Назаровтар жоғары білім алып, есімдері елге таныс қызметкерлер болған.

Атақты балықшы атанған ағамыз Сырдарияның Байсары, Жанабай, Алшынбай атты қайырларынан балық аулап, бейнетті де зейнетті ғұмырын бастайды. Бертін келе, 24 адамның басын қосып, балықшылар бригадасын жасақтайды. Ол кезде толқынды теңіз жағасына қоныс тепкен тұрғындардың тұрмыс-тіршілігінің нөрі балық болатын. Сондай-ақ, колхоз басқармасы балық аулаудан айлық, токсандық тапсырма береді. Еңбекті жаны сүймейтін Сәкен балық аулау тапсырмасын артығымен орындаушы еді. Сол кездегі мекеме басшылары Е.Т.Володкин, А.Коновалов, тағы басқалармен түз-дәмдес болған еді.

Ширек ғасыр бойы теңіз толқынымен алысып балық аулаған Сәдуақас Жаксыбайұлының ересен еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол 1958 жылы Мәскеу қаласында өткен КСРО-ның ең алдыңғы қатарлы еңбек озаттарының салтанатты шарасына қатысқан болатын. Сәкен қатардағы балықшы ғана болып жүрген жоқ, қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысушы еді.

1960 жылдары балық колхозы Бөген балық аулау зауыты болып



қайта құрылды. Колхозшылар өз қалауымен әр салаға, бірі балықшы болуға, ал енді бірі мал бағуға кетіп жатты. Сәкен осы жылы Бөген ауылдық кеңесі ұйғарымымен ауылдағы сауда мекемесі басқармасының орынбасары қызметіне келеді. Сауда саласындағы қызметін 1977 жылға дейін, яғни, мәңгілік сапарға аттанғанша абыроймен атқарады.

Сөз орайы келгенде Сәдуақас ағамның нағашы жұрты жайлы да бірер ауыз сөз айтпасыма болмас. Өйткені, анасы Айша апамыз оқыған, мұсылмандық жолын жаза баспай, таза ұстаған жан болатын. Ол кісі ауылда мешіт салдырып, жастарға құран оқуды үйретіп, бес уақыт намаз ұстады.

Сәдуақас ағам елі үшін өрелі өмірене еңбек етіп, пайғамбар жасына жете алмай, мезгілсіз кете барған айтулы жан болатын. Өттеген-ай, көзі тірі болғанда бүгінде 90 жастың төріне шығар еді-ау. Шүкір, жан жары Қарлыға Маханбетәлі қызымен өмірге екі қыз, бір ұл әкеліп, қыздарын қияға, ұлын ұяға қондырды. Ардақты ағам мен аяулы жеңгемнің көре алмай кеткен қызығы балаларына, немере-шөберелеріне бұйырсын деп тілеймін.

Муса САРЫМБЕТҰЛЫ.
Арал ауданы.

**ДҮЙСЕНІ 30 ЖЕЛТОҚСАН****ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Таңшолпан 08.00, 9.30, 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 02.30 Жаңалықтар. 09.40. Апта кз. 10.45, 11.35, 13.20, 16.55, 18.05, 20.25, 22.35 Жаңа жылыңызбен! 10.50 Айтуға оңай! 11.40 «Әли мен Айя» 12.50, 02.00 «Дауа» 13.25. Ақсауыт 14.00 «Джеспен бірге табайық!» 14.55. Әйел бақыты 15.55 «Төрлет, құтты Жаңа жыл!» 19.00. Заң және біз. 19.35, 03.35 «Ұстаз» 21.05 «Айтуға оңай» 21.50. «Өпке» 22.40 Келін 23.30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен» 00.35 Спорт 01.00. «Көкпар» 01.45. «Өзекжарды» 02.30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен».

ХАБАР

7.00 Жаңа күн. 09.00, 10.00 Жеті күн 11.00 Бармысың, бауырым? 11.50 «Хабар» 12.30 Көзқарас 13.00, 15.00 Жаңалықтар 13.10 Білгенге маржан 14.00 «Әр үйдің сыры басқа» 14.45 «Халық сарапшысы» 15.10 «Измена» 16.00 «Телефон доверия» 16.50 «Подари детям жизнь» 17.00. Жаңалықтар 17.15, 18.15 «Сұлтан Сүлеймен» 18.00 Новости 19.10 Біз 20.00, 23.00 Қорытынды жаңалықтар 20.30 Бюро расследований 21.00, 00.50 Новости 21.30 «Воскресенье у Тиффани» 23.00 Тотальный футбол 00.00, 01.00 Журналдар 01.30, 03.00 Жаңалықтар.

КТК

6.05 Мультфильмдер 6.25 «Карнавальная ночь» 07.10. «Япыр-ай» 08.40 Айкуне 09.00 Особое задание 10.00 Другая правда 11.00. Портрет недели 12.00. Слуги народа 13.00 «Хроники недели» 13.40 «Смотреть всем!» 14.45 Дорога домой 15.00 Әкініш 16.50 «Япыр-ай» 17.50 «Киелі босаға» 19.10 «Киелі босаға» 20.30, 02.00 Жаңалықтар 21.00 Новости 21.45. «Иван Васильевич меняет профессию» 23.35 Рейдер 23.55 «Глухарь. Приходи, Новый год!» 01.35 «Каламбур» 02.25 Мегакатастрофы 03.15-04.05 Япыр-ай.

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

6.00 «В наше время» 07.00 «Доброе утро» 11.00 Новости 11.05 «Время обедать» 11.45 «Добрый вечер, Казахстан!» 12.45 Қазақстанның болашағы қазақ тілінде 15.00 Күндізгі жаңалықтар 15.15 Новости днем 15.30 «Судебные истории» 16.25 «Истина где-то рядом». 16.45 «Давай поженемся» 17.50 «Караоке такси» 18.30 Жаңалықтар 18.45 Новости 19.00 Новогодняя жена 21.00 Новости 21.30 Жаңалықтар 22.00 «Караоке такси» 22.40 «Әке серті» 23.35 «Елки» 01.30 «Руслан» 03.20. В наше время 04.05 «Семь стариков и одна девушка» 05.25 «Контрольная закупка».

АСТАНА

7.00. Сағындырған әндер-ай 8.40. Внимание: ЧП! 9.00, 10.10, 16.50. Соңғы саяхат. 10.00., 13.00, 20.00, 01.00. Жаңалықтар. 10.20. М.ф. 10.30. Разбивающая сердца. 11.30, 19.00. Қыз ғұмыры. 12.20 Ән шашу. 12.40. Громкое дело. 13.10 Дневник. 14.00 Новости. 14.10 Банды. 16.00 Күнделік 18.00 Жүрек жарған. 20.30, 01.30. Новости 21.00. «Жап-жаңа 2013 жыл».

СЕЙСЕНІ 31 ЖЕЛТОҚСАН**ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Таңшолпан 08.00, 9.30, 12.30, 17.30, 20.30. Жаңалықтар. 09.25, 10.35, 12.25, 13.05 Жаңа жылыңызбен! 09.45. «Өпке» 10.40 «Айтуға оңай.» 11.25 «Әли мен Айя» 11.50, 14.00 «Санжар мен Қайсар» 12.45 Спорт кз 13.10 Алаң 14.30 «Әйел бақыты» 15.35 «Әзіл әлемі» 17.50 «Әзіл әлемі» 21.05, 01.35 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен» 22.15 Таңғалдырған Жаңа жыл! 23.50. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың құттықтауы. 00.00. Таңғалдырған Жаңа жыл! 02.35. Абайла, Чарли! Жаңа жыл келе жатыр.

ХАБАР

7.00 «Жаңа күн» 09.00, 11.00 Таңғы жаңалықтар 09.10 Біз 10.00 Новости 10.10 М.ф. 11.10 Тариф Новогодний

12.30 Көзқарас 13.00 Түскі жаңалықтар 13.10 Білгенге маржан 13.55, 15.10. Жаңа жылдағы жаңа ертегі... 15.00 Новости 16.30, 17.15. Первый скорый 17.00 Кешкі жаңалықтар 18.00 Новости 18.15. Бауыржан-шоу. 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. 20.30 Жыл қорытындысы 21.00. Новости 21.30. Армысың, Арғымақ жыл! 23.50. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың құттықтауы 00.00. Армысың, Арғымақ жыл! 01.15. Сол бір кеш... 03.30. Музыкальные клипы.

КТК

6.10. Қайран заман! 7.00 М.ф. 07.20. Япыр-ай! 8.15. Айкуне. 8.30 Жаңалықтар 09.00. Зимняя шутка с... 9.25. Проводы старого года с М.Галкиным 12.25. Джентельмены удачи. 14.00 Давай поженемся 15.00. Карнавальная ночь 16.30 Сағындым сені. 19.30. Той-Best-Star 21.00 Новогодний огонек на Шаболовке 23.50. Поздравление Президента РК 00.05. Новогодний огонек на Шаболовке 02.30. «Алма-

КТК

8.05. Айкуне. 8.20. История любви. Х.ф. 10.00. Новогодний огонек на Шаболовке. 15.15. «Тамаша-2013» 18.00. Туған жер. 21.00. Х.ф. Ход конем. 22.45. Джентельмены удачи. Х.ф. 00.30. Красная звезда. 2.35. История любви. 4.05. Мәссаған.

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

6.00. Ирония судьбы или С легким паром! 9.00 Новости. 9.10. Дискотека 80-х. 10.15. Иван Васильевич меняет профессию. 12.05. Ду қол шоколад. 14.05. Караоке такси 14.35. Ирония судьбы. Продолжение. 16.45. Поле чудес. 18.00. Две звезды. 21.00. Караоке такси 21.35. Мерекелік концерт. 00.00. Аватар. Х.ф. 2.45. Х.ф. Зуд седьмого года. 4.25. В наше время. 05.10 Контрольная закупка.

АСТАНА

7.00 Біздің ауыл ВО! 7.25, 16.20. Казнет 7.50. Лица столицы. 8.20. Красавчик 8.50. М.ф. 10.20. Колдунья.

КӨЗ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Көз ауруларын анықтау және емдеу

- Лазермен көздің көруін түзету
- Глаукома
- Миопия
- Катаракта
- Гиперметропия
- Фактоэмulsionфикация (тігіссіз хирургия)
- Қылилық

Лазерлік хирургия және көз қабағының операциясы

Тараз қ., Абай даңғылы № 277 үй. ☎ 8(7262) 540-540, 541-444

e-mail: optimed@mail.ru www.optimed.kz

Ата – моя первая любовь-2013» 03.35. Дед Мороз всегда звонит трижды.

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

6.00 В наше время 6.45. Жаңалықтар 7.00 Доброе утро 10.00 Золушка. Х.ф. 11.40. Иван Васильевич меняет профессию. 13.30 Караоке такси 14.00 Ирония судьбы или С легким паром! 17.50 Мерекелік концерт 20.00 Караоке такси 20.35. Проводы старого года. 23.55. Новогоднее поздравление Президента РК Н.А.Назарбаева. 00.00 Новгодняя ночь. 01.55. Новогоднее обращение Президента РФ В.В.Путина. 02.00. Новогодняя ночь 2014. 3.30. Х.ф. Джентельмены предпочитают блондинок. 5.10 В наше время.

АСТАНА

8.00 Біздің ауыл ВО! 8.30, 12.45 Казнет. 09.00. «Соңғы саяхат» 10.20 М.ф. 11.30. «Қыз ғұмыры» 12.20, 06.35. Ән шашу. 13.10 Статский советник 15.45. Ел аузында 16.10. Ақішкенбаевтың ән кеші. 17.55 Күлкістан 20.10 Снежный ангел 22.00, 00.00. Жап-Жаңа 2014 жыл. Новогоднее поздравление Президента РК Н.А.Назарбаева. 02.20 Достать коротышку. Х.ф. 04.05. Ең үздік махаббат әндері.

**СӨРСЕНІ 1 қаңтар
Жаңа жылдарыңызбен!****ҚАЗАҚСТАН**

7.00. Төрлет, құтты Жаңа жыл! 7.50. Абайла, Чарли! Жаңа жыл келе жатыр! К.ф. 9.10. Жаңа жылыңызбен. 9.15. М.ф. 10.20. Президент шыршасы. 10.45. Айгөлек. 11.40. Әли мен Айя. 11.50. Әзіл әлемі. 13.40. Жаныңда жүр жақсы адам. 14.10. Мың түрлі мамандық. 14.45. Тақиялы періште. 16.20, 23.45, 02.15. Түнгі студияда Н.Қоянбаевпен. 17.20, 21.35, 23.40. Жаңа жылыңызбен! 17.25. Таңғалдырған Жаңа жыл! 20.30, 00.15. Жаңалықтар. 20.55. Айтуға оңай... 21.40. Сағындырған әндер-ай 00.40. Күнде жаңа жыл. 02.45. Жайдарман.

ХАБАР

8.00. Аяз ата мен жаз. 8.40. М.ф. 9.40. Темір Ганс. К.ф 11.10. Білгенге маржан. 12.00. Дело вкус. 13.00. Түскі жаңалықтар. 13.10, 15.10, 17.15. Армысың, Арғымақ жыл! 15.00, 17.00. Жаңалықтар. 18.15. Снежная королева. 20.00, 01.10. Қорытынды жаңалықтар. 20.30, 21.30. Астаналық Жаңа жыл балы – Столичный новогодний бал-2014 г. 21.00, 01.40. Новости. 23.30. Париж. Х.ф. 2.10. Больше чем друг. Х.ф.

12.10. «50 хитов Еркеша» 14.20. Снежный ангел. 16.40. Айтыс. 21.00. Французский поцелуй. Х.ф. 22.50. Арман Бексұлтанның ән кеші.

БЕЙСЕНІ 2 ҚАҢТАР**ҚАЗАҚСТАН**

7.00. Таңшолпан 9.30. Айтуға оңай... 10.15 М.ф. 11.20. Әли мен Айя. 11.30, 02.10. Агробизнес. 11.50. Әзіл әлемі. 14.55. «Әйел бақыты» 16.05. Білімді ұрпақ – ел болашағы. 16.30. ЕХРО жолы. 11.655, 03.35. Мың түрлі мамандық 17.30, 20.30, 00.00, 03.00. Жаңалықтар. 17.50. Шетелдегі қазақ балалары 18.20. Әндер мен жылдар. 19.35. Ұстаз. 20.25. Еңбек түбі – береке. 21.05. Айтуға оңай. 21.50. Әндер мен жылдар. 22.40. Келін 23.30, 02.30. Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен 00.35. «Қар 2: Бас қатыру». К.ф.

ХАБАР

8.00. М.ф. 8.30. Сиқырлы күміс. К.ф. 10.55. М.ф. 11.15. Тайна Мунакра 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 01.30, 02.00. Жаңалықтар. 13.10. Әр үйдің сыры басқа 13.40. Первый дом. 15.10. М.ф. 16.30. Д.ф 17.15, 18.15. Сол бір кеш... 20.30, 21.00 Жаңа жыл жарылқа... 23.30. Последний киногерой 02.30 Асыл арман. К.ф.

КТК

8.05. Айкуне. 8.20. Дед Мороз всегда звонит трижды. Х.ф. 10.00. Новогодняя шутка с... 11.00. Х.ф. Ирония судьбы, или С легким паром! 14.25. Выходной со звездой. 15.00. Туған жер. 18.20. Сағындым жылы дауысыңды. 21.00. Елки Х.ф. 22.35. «Елки-2» Х.ф. 00.20. М.Галкин. 02.55. Шаншар.

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

6.00 В наше время 6.50. Контрольная закупка. 7.20. Как выйти замуж за миллионера. Х.ф. 9.00 Новости. 9.10. Дискотека 80-х. 10.10. Казлто. 11.05. Две звезды. 12.05. Свадебный переполох 12.50. Сирота казанская 14.50. Ледниковый период 4: континентальный дрейф. Х.ф. 16.15. Один дома Х.ф. 18.15. КВН. 21.00. Караоке такси 21.35. Мерекелік концерт. 00.00. Крепкий орешек. Х.ф. 2.15. Что? Где? Когда? 03.15. Как выйти замуж за миллионера. Х.ф. 4.55. В наше время.

АСТАНА

8.00. Біздің ауыл ВО! 8.25 Казнет 8.50. Завтрак с Энштейном 10.25. Лица столицы 10.45. Фериде. 12.25. Ел аузында 12.55. Біз біргеміз. 13.20,

00.30. Казнет. 13.45. Арнайы репортаж. Маржан Арапбаева. 14.10. Французский поцелуй Х.ф. 16.00 Элина 16.50. Соңғы саяхат. 18.00. Бір өзің. 19.00 Қыз ғұмыры. 20.00 КВН. Избранное. 21.00. «Банды» 23.00 Жүрек жарған. 00.00 Олжа.

ЖҰМА 3 ҚАҢТАР**ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Таңшолпан 08.00, 09.30, 12.30, 17.30, 20.30, 23.45, 03.05 Жаңалықтар 08.30 М/ф. Барби ертегілер елінде 10.40 Айтуға оңай... 11.25 Әли мен Айя 11.45, 14.20 Томпақ 12.20, 02.15 Жаңа Қазақстан 12.50 Менің Қазақстаным 13.20 Келбет 13.50 Қазақ даласының құпиялары 14.55 Әйел бақыты 16.00 Жан жылыуы 16.25, 18.10 Дала дауысы 17.50, 02.40 Өзекжарды 19.35 Ұстаз 20.25 Еңбек түбі – береке 21.05 Айтуға оңай... 21.50 Ұлттық шоу 22.55 Келін 00.15, 03.30 Жайдарман 00.40 Төрт минут.

ХАБАР

7.00 Василиса сұлу 08.00 Болашақтан келген қонақтар 09.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 02.00, 03.00 Жаңалықтар 10.10 Дело вкуса 10.40 Музыкальные путешествия 11.00 Х/ф. Последний киногерой 13.10 Астаналық жаңа жыл кеші 2013 15.10 Х/ф. В двух километрах от Нового года 17.15, 18.15 Сүлеймен сұлтан 20.00, 23.20 Қорытынды жаңалықтар 20.30 Арнайы хабар 21.00, 01.30 «Итоговый выпуск новостей» 21.30 Х/ф. Мушкетеры 23.50 Реальная любовь-2: Парижские истории 02.00-04.00 Х/ф. Сетке ұстаған семсер.

КТК

8.15 Айкуне 08.20 Новогодний брак 10.00 Новогодний вечер с Максимом Галкиным 13.10 Х/ф. Ход конем 15.00 Сағындым жылы дауысыңды 17.30 Япыр-ай 18.30 Жұлдызды Жақсыбай 21.00 Наша правда 22.00 Х/ф. День Додо 23.30 Старые песни о главном 02.30 Х/ф. Агент 04.00-05.00 Япыр-ай.

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

6.00 В наше время 06.50 Контрольная закупка 07.15, 03.05 Х/ф. Роман с камнем 09.00 Новости 09.10 Дискотека 80-х 10.15 Х/ф. Однажды в Новый год 12.05 Свадебный переполох 12.45 Девичата 14.35, 21.00 Караоке-такси 15.05 Ледниковый период-3: эра динозавров 16.50 Один дома - 2 19.10 Голосащий КиВиН 21.35 Обыкновенное чудо 00.00 Х/ф. Крепкий орешек 2 02.05 Что? Где? Когда? 23.35 Айналайын 00.15 Х/ф. Мачете 02.25 Человек и закон 04.45 В наше время 05.30 Контрольная закупка.

АСТАНА

7.00, 20.30, 00.35 «Новости 20:30» 07.30, 20.00, 00.15 Жаңалықтар 08.00 Біздің ауыл ВО! 08.30, 00.55 Казнет 09.00, 16.50 Соңғы саяхат 10.10 М/ф. Алдар Көсенің көңілді оқиғалары 10.30 Разбивающая сердца 11.30, 19.00 Қыз ғұмыры 12.25 Бақ құсы 14.10, 20.50 Банды 16.00 Элина 18.00, 22.50 Жүрек жарған 23.50 Олжа.

СЕНІ 4 ҚАҢТАР**ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Концерт 08.30 Сенбілік таң 09.35 Агробизнес 10.00 Дауа 10.35 Ас мәзірі 11.10 Қазақстан дауысы 12.50 Телқоңыр 13.35 Мың түрлі мамандық 14.05 Білгірлер отауы 15.00 Болашақ 16.10 Жаңа Қазақстан 2050 16.30, 03.35 Келбет 17.00 Мәлім де беймәлім Қазақстан 17.30, 20.30, 23.40, 03.00 Жаңалықтар 17.50 Келін 19.40 Жан жылыуы 20.05, 02.35 Арнайы репортаж 21.05 Сағындырған әндер-ай 23.10 Сіз не дейсіз? 00.15 Жүзден жүйрік 01.45 Ғасырлар үні 02.25 Еңселі Елорда 02.35 Арнайы репортаж.

ХАБАР

7.00 Махаббат мерейі 08.35 Болашақтан келген қонақтар 10.00, 11.00, 13.00, 14.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 00.45, 01.45 Жаңалықтар 10.10 М/ф. 11.10 Қоңыр 13.10, 15.10 Т/с. Бауыржан Момышұлы 17.15 Бармысың, бауырым? 18.15 Сүлеймен сұлтан 20.30 Арнайы хабар 21.30 Аймақтар аламаны 22.30 Х/ф. Маска Зорро 01.45-03.45 Фархат-Шырын.

КТК

7.05 Х\ф. Девушка без адреса

08.40 М/ф. 09.30 Старые песни о главном 13.30 Смотреть всем! 14.30 Мегакараоке 15.25 Жүрекжарды 16.05 Жұлдызды Жақсыбай 18.20 Бешбармақ шоу-3 19.20 Той – Best – Star 21.00 Х\ф. Опять новый 22.40 Х/ф. Черная молния 00.30 Новые песни о главном 02.45 Х\ф. Контракт на любовь 04.15-05.00 Мәссаған.

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

6.00 Идеальный ремонт 06.50 Жить здорово 07.45 В наше время 08.30 Таңғы пошта 09.00 Новости 09.10 Смешарики. Новые приключения 09.25 Новогодний переполох 11.30 Фабрика грез 12.00, 03.10 Свадебный переполох 13.00 Караоке-такси 14.00 Ду қол шоколад 15.00 Куб 16.05 Ледниковый период 17.45 Золушка 19.30 Голосащий КиВиН 21.00 Чародей 00.00 Х/ф. Крепкий орешек 02.10 Что? Где? Когда? 04.05 Идеальный ремонт 04.50 Жить здорово.

АСТАНА

8.00 Новости 20.30 08.20 Жаңалықтар 08.40, 01.15 Ән шашу 08.55, 19.40, 21.40 Казнет 09.15 Чудеса от Цептер 09.35 Алдар көсенің көңілді оқиғалары 09.45 Х/ф. Свейн и крыса 11.00 Страсти по Чапаю 14.30 Лица столицы 15.00 Красавчик 15.30 Қыз ғұмыры 18.00 Астана кеші көңілді 20.00 Ел аузында 20.30 Астана жұлдызы 22.00 Саған сенемін. Мой лучший 23.30 Х/ф. Блондинка в законе.

ЖЕКЕСЕНІ 5 ҚАҢТАР**ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Концерт 8.05 Мәлім де беймәлім Қазақстан 8.35. Умзүми командасы 9.30 Айгөлек 11.05 Сыр сұхбат 11.35 Ақсауыт 12.10. Сіз не дейсіз? 12.40 Ұлттық шоу 13.45 Шетелдегі қазақ балалары. 14.10. Толайғай 15.00 Болашақ. 16.10 Арнайы репортаж 16.30 Ұлы дала дүбірі 17.05. Біз қазақша сөйлейміз 17.40. Еңселі Елорда 17.50 Келін 19.40 Ғасырлар үні 20.30 Мемлекеттік қызметшілер миссиясы 20.00 Ұлттық экономика және халық 21.35 Қазақстан дауысы 23.20 Алаң 00.10 Көкпар 00.50 Махаббат және пицца 02.30 Телқоңыр 03.10 Сыр-сұхбат.

ХАБАР

7.00 Махаббат мерейі 08.00 Болашақтан келген қонақтар 10.00 Битва умов 10.45 Братц 12.35 Үш жас бақытты болсын! 14.00 Күләш 18.15 Көзкөрген 19.00 Аймақтар аламаны 20.00 Х/ф «Атланта расправил плечи» 21.40 Жігіттер 23.45 Х/ф «Диско» 01.25Х/ф «Танымастан жолығу» 03.00-04.15Х/ф «Сағатың соғып тұрғанда».

КТК

7.05 Х/ф «Карнавальная ночь» 8.20 Баланың ісі шала 08.45 Бен 10. Инопланетная сила 9.10 Мега караоке 10.00 Кривое зеркало 12.00 Легенды ВИА 70-80-х 13.45 Особое задание 14.45 Дорога домой 15.00 Бешбармақ шоу 15.55 Алма-Ата – моя первая любовь-2013 17.50 Той бест стар 19.15 Воины Чингисхана 21.00 Х/ф «Костер на снегу» 00.10 20 лучших песен 2010 02.30 Новогодний брак 03.40-04.30 Мәссаған.

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

6.00. Идеальный ремонт 06.50 Ханым 07.25 Жить здорово 08.15 В наше время 09.00 Новости 09.10 Смешарики. Новые приключения 09.25 Новогодний переполох 11.30 Угадай мелодию 12.05. Ду қол шоколад 13.05 Правила маскарада 14.05. Караоке такси 15.00 Х/ф «Ледниковый период» 16.30 Добрый вечер, Казахстан! 17.35 Х/ф «Три мушкетера» 21.15 Х/ф «Шестой день» 23.45 Ретор FM 02.00 Что? Где? Когда? 03.00 Идеальный ремонт 03.45 Ханым 04.15 Жить здорово 05.10 В наше время.

ТУЛЯРЕМИЯ – ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ ІНДЕТ

Туляремия — жәндіктер тараттын жұқпалы індет. Бұл кеселдің өзіне тән арнаулы қоздырғышы бар. Оны «тулярензе» дейді. Тулярензе — өте майда, ол дененің терісі, танау, ауыз және тыныс жолдарының шырышты қабықтары арқылы да өте алады.

Туляремия үлкендермен қатар балаларды да ауыртады. Туляремия қоздырғышы негізінде далада өсіп-өнетін тышқан, қоян, күзен және басқа да жәндіктермен хайуандар денесін жайлайды. Адамға сиыр, қой, түйе, жылқыға және тағы басқаларға туляремияны жұқтыратын да сол жабайы хайуанаттар.

Ауру адамға қарағанда, малда жеңіл өтеді. Ауырған малды сойғанда немесе пішінде, егін бауларын үйгенде, аударғанда, тасығанда, оларды жайлаған тышқандағы ауру қоздырғышы шантозанмен көтеріліп, ауа арқылы тыныс жолдарына түсіп, адамды ауыртады. Қыс айларында тыш-

қандар қоймадағы астық пен далаға үйген егін сабандарын паналайды. Міне, сол дәнді астықты тазалағанда, үйген шөп пен сабанды тасыған кезде сақтық шараларын ұмытпау керек. Азық-түлік қоймаларында, нан дүкендерінде, диірмендерінде мүмкіндігінше тазалық сақтап отыру керек.

Туляремия қоздырғышы жұғып ағзаға түскеннен кейін аурудың алғашқы белгілері 3-5 күн, кейде 12 күн өткен соң басталады. Наукастың денесі қызады, ыстығы көтеріліп, қалшылдата бастайды. Басы ауырады, мазасы қашып тынышсызданады. Бұлшық еттері сыздап ауырады. Тамаққа тәбеті шаппайды, ұйқысы бұзылады және түнде денесін ағыл-тегіл тер басады.

Мұрынның қанауы мүмкін, құсық басталады. Егер қоздырғыш ауа арқылы тыныс жолына өтсе, тұмау — сүзек басталады, өкпені қабынтады және көкірек

қуысындағы бездерді шошытады. Көз қабағы домбығады, көз қабынып іріндей бастайды, шаншып ауыртады, көзді аштырмайды.

Қоздырғыш тамақ арқылы жұкса, ол жұтқыншақ бездерін қабындырып — баспа түрінде бөлінеді. Көмекейге қатынасы бар мойын және жақ астындағы бездерді шошындырып ісіндіреді. ауызды ашқанда жақ қарысып ауырып асты жұтындырмайды.

Туляремия ауруы өте жұқпалы болғанымен, дер кезінде емделсе, қорқынышты емес. Емделген наукастар 2-3 жұма ішінде сауығып кетеді, бірақ індеттің салдары біразға созылады. Бәрінен де мал және дала жұмысындағы адамдар індет қауіпі бар жерде алдын ала ектірсе, туляремиядан 5 жылға дейін сақтануға болады.

Жанаберген ҚАЛИЕВ,
ОСЭСО-ны энтомолог
көмекшісі.

**«Сыр бойы» және «Қызылординские вести»
басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru**

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Шиелі ауданы әкімдігі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

1. «Шиелі ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы (Е-2). Қызмет атқарған жылдарына байланысты жалақысы 103782 теңгеден 140298 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Аудан әкімдігі және аудан әкімі актілерінің дайындалуы және орындалу бөлігінің жүзеге асырылуын, атқарушы органдардың жоғары тұрған ұйымдары актілерінің орындалуын бақылау. Аудан әкімі аппаратының облыс әкімдігімен, басқа да жоғары органдардың аппараттарымен, сонымен қатар жергілікті атқарушы және өкілді органдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету. Ауылдық округтер мен Шиелі кенті әкімінің, жергілікті атқарушы органдар басшыларының Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген шегінде қызметтері мен міндеттерін орындауына және олардың қызметіне бақылау жұмыстарын үйлестіру және атқарушылық тәртіпті қамтамасыз ету. Аудан әкімінің кадр саясатын жүзеге асыру және аудан әкімі тағайындайтын кадрлар жөнінде зерттеу жүргізу, оларды марапаттау немесе тәртіптік жазаға тарту жөнінде ұсыныстар енгізу. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы-Тәртіптік кенесімен өзара іс-әрекетте болып, тиісті жұмыстарды үйлестіру және аудандағы мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы Ережелері (Ар-намыс кодексі) талаптарын орындалуын қадағалау. Жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жұмыстарын үйлестіру, бағалауға сәйкес берілетін статистикалық акпараттарды бақылау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Білімі -жоғары экономикалық немесе педагогикалық немесе заңгерлік немесе гуманитарлық не жергілікті мемлекеттік басқару. Мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болуы. Жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы, ғылыми дәрежесінің болуы.

2. Бөйгеқұм ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман, заңгері (Е-Г-4) (негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты еңбек демалысы кезеңіне уақытша), **Телікөл ауылдық**

округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Е-Г-4) (негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты еңбек демалысы кезеңіне уақытша) - 2 бірлік. Қызмет атқарған жылдарына байланысты жалақысы 48048 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Қазақстан Республикасының Зандарын, Үкіметтің қаулыларын, облыс, аудан және ауылдық округ әкімінің қабылдаған шешімдерінің орындалуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету және бақылау. Қолданыстағы ҚР заңдықтары мен өзге де құқықтық кесімдерге кодификациялау жұмыстарын жүргізу. Ауылдық округі әкімінің шешімдері мен өкімдерінің қабылдануына заңдылық қадағалау жасау. Мемлекеттік тіркеуге жататын құқықтық кесімдерді заңдылықта белгіленген мерзімде тиісті органға тіркеуге ұсыну. Қызметтік тапсырмаларды, ішкі еңбек тәртібі ережелері мен тәртіптерінің сақталуы және орындалуын қамтамасыз ету. Ауылдық округі әкімінің аппаратына келіп түскен бақылаудағы хаттар мен іс қағаздарын сапалы орындау мен ҚР Зандарында қаралған тәртіп пен мерзімінде жұмыс жасаумен қатар ауыл азаматтары тарапынан түскен арыз-өтініштерді қабылдауда заңда белгіленген тәртіп бойынша сапалы қызмет атқаруды жүзеге асыру. Ауылдық округі әкімінің құзіреті шегінде ҚР Зандарына сәйкес ауылдық округі әкімінің нотариаттық іс-әрекеттерге байланысты құжаттарын өзірлеу. ҚР Үкіметінің, облыстың немесе ауданның бекіткен мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына аталысу.1-ОЛ нысанды статистикалық есебін беру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары заңгерлік немесе ортадан кейінгі заңгерлік не орта техникалық немесе кәсіптік білімі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білмдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидала-

рын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Шиелі ауданы әкімінің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

- Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Шиелі ауданы әкімі аппаратының ғимаратында, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 6 үй мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні аралығында қабылданады. **Шиелі кенті, 120700, Т.Рысқұлов көшесі, 6 үй. Анықтама телефоны (8-724-32) 4-40-61.**

Аталмыш лауазымдарға үміткерлер үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Шиелі ауданы әкімдігінің конкурстық комиссиясы.

ХАБАРЛАМА

«Қуатамлонмұнай» БК» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қызылорда облысы Сырдария ауданының Бектас кен орнында орналасқан тереңдігі 1350 м тік пайдалану (өндіруші және баспа) ұнғымасының құрылысы үшін топты техникалық жұмыстың жобасын мемлекеттік экологиялық сараптамасына келісімге жібереді.

1. Тапсырыс беруші: «Қуатамлонмұнай» БК» ЖШС, Қызылорда қаласы, Амангелді көшесі, 106. Тел.: 8 7242 60 51 52.

2. Орындаушы: «Сапалы технология» ЖШС, Астана қаласы, Б.Момышұлы, 12, каб. 506. Тел.: 8 7172 77-09-74, 77-09-97; факс 77-09-39.

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

Жеке адвокат Еспенбетова Кумыс Туменбаевнаның заң консультациясында жұмысы жабылуына байланысты қызметін тоқтатады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ

«Кен-Ай-Ойл-Қызылорда» ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің 57 бабының 3-тармағына сәйкес тереңдігі 2400 м ұнғымалары үшін 2014-2015 жылға Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты алу үшін әзірленген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылауға қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 2014 жылдың 6-қаңтар күні Сырдария ауданы, Қонаев көшесі №8, сағат 11:00-де өткізіледі. Материалдардың электрондық нұсқасын eco_engineering@mail.ru электронды почтасынан ала аласыздар. **Байланыс телефондары: 8 7242 21 28 00.**

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

«Сұлтан.Б» ЖШС-нің атына Қызылорда қаласы, Проектная көшесі, н/ж мекен-жайына берілген уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-022-2180, №10-156-022-2181), Қызылорда қаласы аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы Зандарына сәйкес құжаттандырылмаған жылжымайтын мүлікті жариялауға құрылған комиссияның шешімі (№1406 11 қаңтар 2007 жыл) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Шынахметова Гүлжан Ақтілеуқызының атына Арал қаласындағы №14 Н.К.Крупская атындағы орта мектепті 2006 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1615146 аттестаты қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Ильсоева Рахиманың атына Қызылорда қаласы, Тәуке хан (бұрынғы М.Горький) көшесі 19 үйге 13.10.1983 жылы берілген техпаспорты, 05.01.1979 жылғы Д-2 санды сыйға беру шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының мәдениет басқармасы және облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұжымы Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері, мәдениет саласының үздігі, жырау

Рысбек Әшімовтің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұжымы осы мекеменің бюджеттік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Жанат Нұрымбетоваға өкесі **Үсенбайдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС-нің басшылығы және кәсіподақ ұжымы компания ардагері **Үсенбай Нұрымбетовтің** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының мәдениет басқармасы мен Ә.Төжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұжымы кітапхана саласының ардагері Сисекеева Күлбаршын Раушанбекқызына қызы

Гүлайымның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда медициналық колледжінің ұжымы осы мекеменің қызметкері Сисекеева Күлбаршын Раушанбекқызына қызы

Гүлайымның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА



Суреттер Болат Омаралиевтікі

Құрметті қызылордалықтар және
қала қонақтары!

«ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! 2013 жыл еліміз үшін табысты болды. «Қазақстан-2050» стратегиясында көрсетілген мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған ауқымды жұмыстар жасалды. Ұлттық экономикамыздың кепілі төл теңгенің 20 жылдығы аталып өтті. Компаниямыз «ҚазГерМұнай» «Қазақстан лидері – 2013» ұлттық сертификатының медалына ие болды және 20 жылдық мерейтойы тойланды. 2013 жылды жоғары табыстармен қорытындылаған еңбек озаттары мемлекеттік наградалармен марапатталып, үшжакты ұжымдық шарттардың орындалуы еңбекшілер белсенділігін арттырды. Біз келер жылдың кемел болатынына сенімдіміз. Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан өсіп-өркендей берсін! Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі тілекпен,

«ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры
«ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
бас директорының бірінші орынбасары



М.С.Кәрім.

Юй Чжицин.



Құрметті әріптестер, қызметтестер, достар!

Сіздерді тарих табалдырығын аттаған
2014-ші Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен
құттықтаймыз!

Жылқы жылы әрбіріңізге қажымас өмір,
қаржылық табыс сыйласын.

Әр шаңыраққа бақыт шуағын шашып,
бейбіт күннің мол берекесін тарту етсін!

Байтақ еліміздің байлығын шалқытып,
ортақ Отанымыздың отын маздата берейік.

Ізгі тілектермен,
КМФ ұжымы.



Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
өлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмхан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
теледөң, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымыз газеттің түпкілікті
кезқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында
қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында
басылды. Қызылорда қаласы,
Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51,
"Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 21085

Тапсырыс № 47

АЛЬЯНСДЕПОЗИТ

9,4%

жылдық тиімді
мөлшерлемесі теңгемен

БАНКТИҢ ҚОСАТЫНЫ

+7%

ТЕК 2013 ЖЫЛДЫҢ
31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА ДЕЙІН

Салымды толықтыру – шектелмеген.

Бөлшектеп алу мүмкіндігі.

Сыйақы мөлшерлемесін бекіту –
барлық мерзімге бекітіледі.

АльянсБанк

7575

ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі «Альянс Банк» АҚ-на 26.12.07 берген № 250 лицензия